

Аудиторлық есеп №АО-30101-23-006551/00813

Астана қаласы

2023 жылғы «25» тамыз

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі- «ҰИМТ» АЭА БК»АҚ, Қоғам). Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Атырау облысының Әділет департаменті, Атырау қаласының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде алғашқы рет 2013 жылы 01 сәуірінде тіркелген, 2015 жылы 22 қыркүйекте №1411-1915-01-АҚ қайта тіркелген. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) 080640008764.

Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Әбілқайыр-хан даңғылы, 38.

Банктік деректемелері.

«Халық банк» АҚ-да есеп шоты бар ЖСККЗ276010141000174496.

2. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит түрі: Сәйкестік аудиті.

3. Электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге тапсырма: 2023 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі аудит комитетінің (бұдан әрі-Комитет) төраға м.а М.Байдурыннің №52-Т аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырмасы (тексеруді тағайындау туралы акт), Комитет тарағасы Е.Т.Мыңжасаровтың №52-Т/1 өзгеріс енгізу туралы бұйрығы (Атырау облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармасында 30.06.2023 жылы №23100000001705012\00066 тіркелді).

4.Электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Сәйкестік аудиті басқармасының бас сарапшылары-мемлекеттік аудиторлары Мұратов Ғалымжан Алтайбекұлы (топ жетекші) және Яхиева Данагуль Еркінқызы.

5. Электрондық ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, мәні: мемлекет және квазимемлекеттік сектор активтерін пайдалану мәселелері бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы заңнамасының (залалды кәсіпорындар) сақталуы мәніне мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін сақтауын бағалау, тексеру.

6. Электрондық ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2021 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

7. Электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: 2023 жылдың 30 маусымынан бастап 2023 жылдың 04 тамызына дейін, 2023 жылғы 03 тамыздағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Ішкі аудит комитетінің тарағасы Е.Т.Мыңжасаровтың №52-Т/1 өзгеріс енгізу туралы бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 25 тамызға дейін ұзартылды.

8. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғалары: «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ның Басқарма төрағасының міндетін атқарушысы А.Калибековтың рұқсатымен және Қоғамның экономика және қаржы қызметінің – бас есепшісі Д.А.Нармагамбетованың қатысуымен жүргізілді.

Бірінші қол қою құқығы:

- 2019 жылдың 03 маусымынан бастап 2021 жылдың 12 қаңтарына дейін басқарма төрағасының міндетін атқарушысы А.К.Калабаевқа берілген.
- 2021 жылдың 13 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 07 шілдеге дейін басқарма төрағасының міндетін атқарушысы А.Жолдасовқа берілген.
- 2021 жылдың 07 шілдеден бастап 2023 жылдың 11 мамырға дейін басқарма төрағасы қызметін Г.Куркимовқа берілген.
- 2023 жылдың 11 мамырдан бастап 2023 жылдың 01 шілдеге дейін басқарма төрағасының міндетін атқарушысы Н.Мухажановқа берілген.
- 2023 жылдың 01 шілдеден бастап күні бүгінге дейін басқарма төрағасының міндетін атқарушысы А.Калибековке берілген.

Екінші қол қою құқығы:

- 2017 жылдың 16 қазанынан бастап 2022 жылдың 11 ақпанына дейін экономика және қаржы департаментінің бас есепшісі В.В.Когайға берілген.
- 2017 жылдың 02 тамызынан бастап бастап күні бүгінге дейін экономика және қаржы департаментінің менеджер - матриалдық үстел есепшісі Д.А.Нармагамбетоваға берілген *(2022 жылы 16 ақпандағы бұйрыққа сәйкес бас есепші лауазымына ауысқан).*

9. Жүргізілген электрондық ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

1) Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

1. Даму жоспарын және оның орындалуын, кірістер мен шығыстардың құрылымын талдау.

Аудит бағдарламасының сұрағына жауап.

Атырау облысында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы №495 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Жарлығын жүзеге асыру мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес құрылған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі №314 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы

экономикалық аймағының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы қаулысымен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құру, оның жұмыс істеуі және таратылуы саласындағы уәкілетті орган болып белгіленген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №1774 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі» мемлекеттік мекемесін «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамына қайта ұйымдастыру туралы» қаулысы негізінде «ҰИМТ» АЭА әкімшілігі» ММ мемлекеттің жарғылық капиталына жүз пайыз қатысуымен «ҰИМТ» АЭА БК»АҚ болып қайта құрылған. Осылайша, «ҰИМТ» АЭА БК»АҚ Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің «ҰИМТ» АЭА әкімшілігі» ММ-нің құқықтық мирасқоры болып көрсетілген.

«ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ның филиалдары, өкілдіктері, еншілес компаниялары жоқ, басқа заңды тұлғалардың қатысушысы болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №1774 қаулысы орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2013 жылғы 15 наурыздағы №185 бұйрығы негізінде жалғыз құрылтайшы төлейтін қоғамның жарғылық капиталы 335 978,0 мың теңге мөлшерінде мүлік ретінде жүргізілген. «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитет және «ОХК» ЖШС болып белгіленген. Жарғылық капитал «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2013 жылғы 15 наурыздағы №185 бұйрығының негізінде «ҰИМТ» АЭА БК»АҚ мекеме және үшінші тұлғалар даулайтын міндеттемелерді қоса алғанда, оның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты «ҰИМТ» АЭА әкімшілігі» ММ-нің барлық мүліктік, қаржылық және өзге де құқықтары мен міндеттері қабылдаған.

2013 жылғы 10 қыркүйек жарғылық капитал сомасына №А5958 нөмірі бар эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізіліп акцияның номиналды құны - 1000 теңге, жай акциялардың жалпы саны – 335 978 дана жай акциялар шығарылған.

Акцияларды «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ акционерлері арасындағы акцияларының бөлінісі келесідей:

2021 жылғы жағдай бойынша:

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне 6 598 889 акция тиесілі немесе 80,28%;

- «Бірлескен химиялық компания» ЖШС-не 1 620 454 акция тиесілі немесе 19,72%.

2022 жылғы жағдай бойынша:

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне 6 598 889 акция тиесілі немесе 77,92%;

- «Бірлескен химиялық компания» ЖШС-не 1 870 454 акция тиесілі немесе 22,08%.

Арнайы экономикалық аймақтың негізгі мақсаты – өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті заманауи өндірістерді жедел дамыту, қызметтерді ұсынудың сапалық тұрғыдан жаңа деңгейін қалыптастыру, экономика салаларына және өңірлерге инвестициялар тарту, жаңа технологиялар ендіру, сондай-ақ халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру.

Қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны – акционерлік қоғам. Қоғам Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 сәуірдегі №242-VI «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Заңына сәйкес «ҰИМТ» АЭА басқару органы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 сәуірдегі №242-VI «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Заңының 39 бабымен Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларына келесідей қарастырылған:

1) арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

2) арнайы экономикалық аймақтың басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын қатысушыларына және қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға), кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға), уақытша пайдалануға (жалға) немесе уақытша кейінгі пайдалануға (қосалқы жалға) беру және инфрақұрылым объектілерін мүлктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беру;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің салынған объектісі мемлекеттік меншікке берілген жағдайда мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша жекеше әріптес болып табылатын арнайы экономикалық аймақ қатысушысының пайдасына уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару;

4) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасу және бұзу;

5) уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының жыл сайынғы есептері негізінде ұсыну;

6) арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушыларын және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларды тарту;

7) инфрақұрылым объектілерін салу және арнайы экономикалық аймақтардың өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

8) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына берілмеген жер учаскелерінде бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес инфрақұрылым объектілерін салуды жүзеге асыру;

9) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуі үшін қабылдау орындарын ұйымдастыру;

10) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;

11) арнайы экономикалық аймақта жаңа өндірістерді құру бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу;

12) арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және ілгерілету жөніндегі ішараларды өткізу;

13) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерді, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларын ақпараттық қолдап отыруды қамтамасыз ету, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілердің, арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру;

14) арнайы экономикалық аймақта өнеркәсіптік-инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту;

15) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларымен, өтініш берушілермен, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларымен «бір терезе» қағидаты бойынша өзара іс-қимыл жасасу мен жұмыс жүргізу және осы қағидатты іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алған кезде мемлекеттік органдармен және өзге көрсетілетін қызметтерді алған кезде өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу кезінде арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының мүдделерін білдіру;

16) коммуналдық, логистикалық және сервистік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

17) мемлекеттік-жеке иелік әріптестік жобаларына қатысу;

18) бизнес-жоспарларды, техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және өзге де жобалау құжаттамасын әзірлеу бойынша қызметтер көрсету;

19) арнайы экономикалық аймақтың аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру және арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға осындай көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

20) арнайы экономикалық аймақтың аумағын абаттандыру және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

21) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға консалтингтік және маркетингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

22) арнайы экономикалық аймақтың аумағында тұрғызылатын инфрақұрылым және кәсіпкерлік қызмет объектілері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функциялар жатады.

«ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ның акционерлерінің 2015 жылғы 20 тамызындағы жылдық жиналысының №01/2015 хатамасымен бекітілген Жарғысына сәйкес өз қызметін келесідей негізгі мақсаттары бойынша іске асырады:

1) коммерциялық қызметтен табысты алу және оны акционерлердің мүдделеріне пайдалану;

2) АЭА туралы Заңына сәйкес «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының қызметін істеуін қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сонымен қатар қоғам органдарының шешімдерімен көзделген өзге де мақсаттарды.

17.«ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ның іске асыратын қызмет түрлері:

1) «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл;

2) қосалқы қызмет түрлерін іске асыратын тұлғаларға жер телімдерді қайталама пайдалануға (қосалқы жалдауға) және инфрақұрылым нысаналарын жалға (қосалқы жалдауға) ұсыну;

3) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды жасасу және бұзу;

4) «ҰИМТ» АЭА қатысушыларының жыл сайынғы есептемелері негізінде, уәкілетті органмен белгілінген тәртіпте «ҰИМТ» АЭА қызмет қорытындылары жөнінде есептілікті ұсыну;

5) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларын тарту;

6) инфрақұрылым объектілерін салу және арнайы экономикалық аймағының өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

7) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына берілмеген жер учаскелерінде бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес инфрақұрылым объектілерін салуды жүзеге асыру;

8) халыққа қызмет көрсету орталығының «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеу үшін қабылдау орнын ұйымдастыру;

9) «ҰИМТ» АЭА құрудың мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде әкелінген тауарлардың нақты тұтынылуын растау;

10) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу.


18. Рұқсатты (лицензияны) және/немесе хабарландыруды алу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртібінде қажетті қызмет түрлері сәйкесті рұқсаттар (лицензиялар) және/немесе хабарландырулардың алу шарттары Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібінде іске асырылады.

19. Қоғам қоғам қызметінің негізгі мақсаттарына және түрлеріне сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшылық етпейтін өзге де қызметтерді іске асыруға құқылы.

«ҰИМТ» АЭА БК» АҚ ұйымдық құрылымы Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 30 қазандағы №06/2020 хаттамасымен штат саны 45 бірлік болып бекітілген.

Директор кеңесінің 2022 жылғы 4 наурыздағы №02/2022 хаттамасымен штат саны 46 бірлік болып бекітілген.

№1 кесте. «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ ұйымдастырушылық құрылымы



Жалпы саны - 46 бірлік, әкімшілік персонал-14 бірлік, өндірістік персонал-32 бірлік көзделген.

Сондай-ақ, 2007 жылғы 19 желтоқсандағы №495 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы жарғысына сәйкес Арнайы экономикалық аймақ Атырау облысының аумағында орналасқан және жалпы көлемі 3475,9 га құрайды, оның ішінде:

1. Мұнай-химия кешенінің (бұдан әрі - МХК) аумағы:
 - 1.1 МХК зауытының алаңы - 463,7 га;
 - 1.2 МХК теміржол станциясы - 95,93 га;
 - 1.3 МХК вахталық кенті - 4,01 га;
 - 1.4 МХК булану су қоймасы - 375,02 га;
2. Ароматика «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ - 336,25 га;
3. МХК газ сепаратор қондырғысы - 100 га;
4. Атырау мұнай өндіру зауыты мен қазіргі полипропилен зауытының арасындағы өнеркәсіптік аймақ – 285 га;
5. «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА-ның МХК инфрақұрылымдық объектілері орналасқан аумағы - 1816 га:
 - 5.1 Құрғақ газ құбыры - 163,79 га;
 - 5.2 Шикі газ құбыры - 1435,74 га;
 - 5.3 Отындық газ құбыры - 28,32 га;
 - 5.4 Кіреберіс автожолы - 17,8 га;
 - 5.5 Электр беру желісі - 9,49 га;
 - 5.6 Темір жол - 27,69 га;
 - 5.7 Су құбыры - 89,67 га;
 - 5.8 Электр беру желісі - 43,36 га.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 11 тамыздағы №548 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы» қаулысымен Арнайы экономикалық

аймақтың жалпы көлемі 3486,636 га өзгертілген, яғни ауданы 10,8660 гектарды құрайтын көпфункционалды аурухананың аумағы қосылған.

Жоғарыда аталған қаулыға 2022 жылғы 5 қазанда өзгерістер енгізіліп Арнайы экономикалық аймақтың жалпы көлемі 3614,8437 га өзгертілген, яғни ауданы 128,2077 гектарды құрайтын интеграцияланған газ-химия кешені алаңы қосылған, оның ішінде:

- 1) «Қарабатан» өнеркәсіптік аймағы, жалпы ауданы 1619,4477 гектар:
 - 1.1 мұнай-химия кешені алаңы – 463,7 гектар;
 - 1.2 интеграцияланған газ-химия кешені алаңы – 128,2077 гектар;
 - 1.3 теміржол станциясы – 95,93 гектар;
 - 1.4 вахталық кент – 4,01 гектар;
 - 1.5 буландырғыш тоған – 375,02 гектар;
 - 1.6 «Ароматика» алаңы – 336,25 гектар;
 - 1.7 отын газ құбыры – 28,32 гектар;
 - 1.8 кіреберіс автожол – 17,8 гектар;
 - 1.9 электр беру желілері – 9,49 гектар;
 - 1.10 теміржол – 27,69 гектар;
 - 1.11 су құбыры – 89,67 гектар;
 - 1.12 электр беру желісі – 43,36 гектар;
- 2) «Технопарк» өнеркәсіптік аймағы, ауданы 285 гектар;
- 3) газ бөлу қондырғысының аумағы, ауданы 100 гектар;
- 4) газ құбырының аумағы, жалпы ауданы 1599,53 гектар:
 - 4.1 құрғақ газ құбыры – 163,79 гектар;
 - 4.2 шикізат газ құбыры – 1435,74 гектар;
- 5) көпфункционалды аурухананың аумағы, ауданы 10,8660 гектар.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы №142 «Арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін, арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін, арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне қызметтің басым түрлерін енгізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі «арнайы экономикалық аймағы» мынадай қызмет түрлерін қамтиды:

- 1) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
- 2) мұнай-химия өнімдерін өндіру;
- 3) жобалау-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін тікелей жүзеге асыруға арналған объектілерді салу және пайдалануға беру;
- 4) өзге тоқыма бұйымдарын өндіру;
- 5) пластмасса бұйымдарын өндіру.

Жалпы 2021-2022 жылдары арнайы экономикалық аймақтың аумағында арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін, арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерін жүзеге

асыратын 17 қатысушы тіркелген.

№2. 2021-2022 жылдардағы Арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары

	Қатысушылардың атауы	Қызмет түрлері	Жылы
1	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы, бірінші кезең-полипропилен	2021
2	«KLPE» ЖШС	Газ сепарациялық қондырғыны (ГСУ) және Этан құбырын (ЭТК) салу	2021
3	«Силлено» ЖШС	Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенін салу, екінші кезең – полиэтилен	2021
4	«Karabatan Utility Solutions» ЖШС	Арнайы экономикалық аймақтың инфрақұрылым объектілерін салу (газ турбиналық электр станциясы, су дайындау және ағынды суларды тазарту қондырғысы, сыртқы электрмен жабдықтау) Метанол өндірісі	2021
5	«Polymer Production» ЖШС	Атырау облысында полимер өнімдерін өндіру	2021
6	«Эр Лирид Карабатан Тех Газы» ЖШС	Сығылған ауа мен азот өндірісін орнату (Upsvia)	2021
7	«Karabatan Chemical Corporation» ЖШС	Жалпы зауыттық шаруашылық объектілері бар газ фракциялайтын зауыт салу	2021
8	«Global Chemical» ЖШС	Каустикалық сода, тұз қышқылын өндіру кешенін салу	2021
9	«Dala- Ecos SP» ЖШС	Сополимер өндіретін зауыт салу жобасы	2021
10	«РенЭлл Атырау» ЖШС	Көпсалалы аурухананы салу және пайдалануға беру бойынша өндіріс жобасы	2021
11	«Бутадиен» ЖШС	Синтетикалық каучук, изобутан, бутадиен өндіру жобасы	2021
12	«Westgasoil Caspian» ЖШС	Метанол және олефин өндіру жобасы	2021
13	«АтырауНефтеХим» ЖШС	Терефтал қышқылы мен полиэтилентерефталат өндіру жобасы	2021
14	«Ультрастаб-Казахстан» ЖШС	Тоқылған геосинтетика өндіру жобасы	2022
15	«РГК-Каспий» ЖШС	Экструзиялық геосинтетика өндірісі бойынша жоба	2022
16	«АТ-Пластик» ЖШС	«Полимерлерден (полипропилен) бұйымдар шығаратын зауыт» жобасы	2022
17	«TenizEcoService» ЖШС	Сұйық азот өндіру жобасы	2022

Аудитпен қамтылған кезеңде Арнайы экономикалық аумақтың іске асырылуы келесідей:

2023 жылдың 10 тамыздағы Басқарма төрағасының міндетін атқарушысы А.Калибековтың №69-ОД бұйрығына сәйкес Қ.А.Қозыкенов – өндіріс жөніндегі басқарушы директоры, А.Қ.Тойбаев – инвесторлармен байланыс қызметінің басшысының қатысуларымен АЭА «ҰИМТ» аумағындағы «Қарабатан» және «Технопарк» учаскелерін толыққанды жұмыс істеуі тұрғысынан көзбен шолып тексеру жүргізілді.

Көзбен шолып тексеру барысында арнайы экономикалық аумақтың іске асырылуы келесідей: «ҰАТ» АЭА аумағында 17 қатысушы (компаниялар) тіркелген, олармен «ҰАТ» АЭА БК» АҚ-мен «ҰАТ» АЭА қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттар жасалған, оның ішінде:

1. «Қарабатан» өнеркәсіптік аймағы:

1.1 Мұнай-химия кешенінің аумағы – арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларын орналастыру көзделген. Бүгінгі күні аталған аймақта:

«Полимер Продакшн» ЖШС

- 2013 жылғы 14 наурызда Атырау қаласы әкімінің №249 қаулысы негізінде полимер өнімдерін өндіру үшін зауыты салуға жалпы аумағы 15,00 га жер учаскесін пайдалануға «Полимер Продакшн» ЖШС-не берілген. 2015 жылы «Полимер Продакшн» ЖШС-мен (*ВОРР пленкасы, полиэтилен пленкасы, полипропилен қаптары*) полимер өнімдерін өндіру зауыты салынып, 2015 жылдың қазан айында пайдалануға беріліп, іске қосылған.

«Эр Ликид Карабатан Тех Газы» ЖШС

- 2019 жылғы 12 қыркүйектегі №2095 Атырау қаласы әкімінің қаулысы негізінде сығылған ауа мен азот өндірісі зауыты салуға жалпы аумағы 0,54 га жер учаскесін пайдалануға «Эр Ликид Карабатан Тех Газы» ЖШС-не берілген. 2021 жылы «Эр Ликид Карабатан Тех Газы» ЖШС-мен сығылған ауа мен азот өндірісі зауыты салынып, 2021 жылдың 25 ақпанында пайдалануға беріліп, іске қосылған.

Көзбен шолып тексеру барысында, полимер өнімдері және сығылған ауа мен азот өндірістерінде аталған зауыттар толықтай іске асырылып жатпағандығы анықталды. Оның бірден бір себебі аталған «Карабатан» өнеркәсіптік аумағында **полимер өнімдеріне және сығылған ауа мен азот өндірістеріне қатысты басқада зауыттардың толықтай іске қосылмауынан** орын алып отыр.

«Karabatan Utility Solutions» ЖШС

2014 жылғы 14 қарашада «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-мен «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-гі арасында арнайы экономикалық аймақтың басым қызметтерінің қатарына кіретін «Менотол өндірісін» жүзеге асыруға жасалған 2011 жылғы 31 желтоқсандағы №6/1 шартқа өзгеріс енгізіп, метанол өндірісімен қатар инфрақұрылым объектілерінің құрылысын қоса жасауға №1 қосымша шарт жасаған. Яғни, арнайы экономикалық аймақтың инфрақұрылым объектілерін салу «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-мен жүзеге асыруға берілген.

Алайда, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы №6/1 шарттың 5 тарауының 12-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Басқарушы компания арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларымен жекелеген шарттар негізінде арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылым объектілерін салуға байланысты жобаларды қатысушыларға берілмеген жер учаскелері бойынша бекітілген техникo-экономикалық негіздемеге сәйкес жүзеге асыра алады.

1-тармақ. Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» кодексінің 382-бабының 1-тармағының және 2011 жылғы 31 желтоқсандағы №6/1 шарттың 5 тарауының 12-тармағының 7) тармақшасының талаптары сақталмай, «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-мен арнайы

экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылым объектілерін салу үшін қатысушы - «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-мен жекелеген шарт жасаспай, қатысушы ретінде жасалған шартқа өзгеріс енгізу арқылы жүзеге асырған.

(№1 қосымша. 2011 жылғы 31 желтоқсандағы №6/1 шарт)

2019 жылғы 20 маусымдағы №1293 Атырау қаласы әкімінің қаулысы негізінде суды тазарту және ағынды суларды тазарту қондырғысының 1 кезегін, инженерлік желілер дәлізін салуға жалпы аумағы 31,492 га жер учаскесін және 2018 жылғы 16 тамыздағы Атырау қаласы әкімінің №1532 қаулысы негізінде су құбырын салуға (1.11) жалпы аумағы 84,38 га жер учаскесін пайдалануға «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-не берілген.

Объектілерді пайдалануға қабылдау актісі:

- суды тазарту және ағынды суларды тазарту қондырғысының 1 кезегі - 2021 жылғы 28 желтоқсанда;
- инженерлік желілер дәлізі - 2021 жылғы 09 қарашада;
- су құбыры - 2021 жылғы 29 сәуірде берілген.

Аталған жобаларды жүзеге асыруға 2018-2021 жылдар аралығында республикалық бюджеттен 71 598 900,0 мың теңге бөлінген, оның ішінде: 2018 жылы - 10 600 000,0 мың теңге, 2019 жылы - 18 600 000,0 мың теңге, 2020 жыл - 26 000 000,0 мың теңге, 2021 жылы - 16 398 000,0 мың теңге.

Алайда аталған қаражат басқарушы компания арқылы өтпеген.

Сондай-ақ, 2015 жылғы 04 маусымдағы №821 Атырау қаласы әкімінің қаулысы негізінде бу-газ турбиналық электр станциясын салуға жалпы аумағы 7,2851 га жер учаскесін пайдалануға «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-не берілген. 2019 жылы «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-мен бу-газ турбиналық электр станциясы салынып, 2019 жылғы 28 қарашада пайдалануға беріліп, іске қосылған.

2014 - 2019 жылдар аралығында бу-газ турбиналық электр станциясы құрылысын іске асыруға республикалық бюджеттен 106 486 000,0 мың теңге, оның ішінде: 2014 жылы - 24 498 000,0 мың теңге, 2015 жылы - 57 896 000,0 мың теңге, 2016 жыл - 10 000 000,0 мың теңге, 2017 жылы - 7 700 000,0 мың теңге, 2019 жылы - 6 392 000,0 мың теңге. Алайда аталған қаражат басқарушы компания арқылы өтпеген.

Алайда, аталған бу-газ турбиналық электр станциясынан 2019 жылғы 28 қарашада пайдалануға берілгеніне қарамастан «Karabatan Utility Solutions» ЖШС меншігінде қалып, бүгінгі таңда жалпы қуаты 242 Мвт болатын 10 ұйыммен электр энергиясын сатып алу-сату шарттары жасақталған.

Яғни, «ҰИМТ»АЭА БК» АҚ-ның өзі 0,01 Мвт және «ҰИМТ» АЭА аумағында орналасқан: 1) «Полимер Продакшн» ЖШС - 1,8 Мвт; 2) «Эр Лукид Қарабатан тег Газы» ЖШС - 0,6 Мвт; 3) «Валь конструкция» ЖШС - Мвт; 4) «ҰИМТ»АЭА БК» АҚ-0,01 Мвт; 5) «CNCEC» компаниясы-0,9 Мвт; 6) «PSI» ЖШС-0,04 Мвт электр энергиясымен қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 242-VI ҚРЗ

«Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Заңының (бұдан әрі- Заң) 1 бабының 12 тармақшасына сәйкес инфрақұрылым объектілері – арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың жылу және электр энергиясын өндіру және (немесе) беру, сумен жабдықтау және газбен жабдықтау, кәріз, көлік коммуникациялары, көрсетілетін байланыс қызметтері объектілерінің және өзге де объектілердің құрамына кіретін объектілер деп көзделген.

Сонымен қатар, Заңның 39 бабының 7,16 тармақшаларына сәйкес Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларына **инфрақұрылым объектілерін салу, коммуналдық, логистикалық және сервистік көрсетілетін қызметтерді ұсыну** және арнайы экономикалық аймақтардың өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту болып табылады.

Заңның 43- бабының 3)-тармақшасына сәйкес Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының қызметін қаржыландыру **инфрақұрылым объектілерін**, жер учаскелерін, сондай-ақ өзге де мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) және қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беруден түсетін кірістер көзделген.

2-тармақ. Алайда, «ҰИМТ»АЭА БК» АҚ Заңның 43- бабының 3)-тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 70-бабының 1-тармағының талаптары сақталмай, бюджет қаражаты есебінен салынған инфрақұрылым объектілерінің әлі күнге дейін «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-де орналасуына байланысты, Қоғам 2019 жылғы 28 қарашада пайдалануға берілген газ турбиналық электр станциясынан, 2021 жылғы 28 желтоқсанда пайдалануға берілген суды тазарту және ағынды суларды тазарту қондырғысынан, 2021 жылғы 09 қарашада пайдалануға берілген инженерлік желілер дәлізінен, 2021 жылғы 29 сәуірде пайдалануға берілген су құбырынан, 2019 жылғы 28 қарашада пайдалануға берілген газ турбиналық электр станциясынан түсетін кіріс көздерінен айырлып отырғандығы анықталды.

(№2 қосымша. 25.12.2015 жылғы, 09.11.2021 жылғы, 29.04.2021 жылғы, 28.12.2021 жылғы, 28.11.2019 жылғы объектіні пайдалануға қабылдау актілері)

Сонымен қатар, коммуналдық, сервистік қызметтер басқарушы компаниямен жүзеге асырылмай отыр.

Заңның 17-бабының 7-тармағына сәйкес арнайы экономикалық аймақтардың аумағында мемлекеттік және өзге де қызметтерді ұсыну кезінде мемлекеттік және өзге де қызметтерді уақтылы және сапалы ұсынуды қамтамасыз ететін **«бір терезе»** қағидаты қолданылады.

«Бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету арнайы экономикалық аймақта «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

«Бір терезе» қағидаты бойынша өзге де қызметтерді ұсынуды арнайы экономикалық аймақтың **басқарушы компаниясы** ғана жүзеге

асыра алады.

Яғни, Заңға сәйкес «бір терезе» қағидаты бойынша әкімшілік, техникалық және консультациялық қолдау қызметтерінің толық спектрін көрсете отырып, инвесторларға қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуде басқарушы компаниялар рөлінің маңыздылығы берілген.

Инфрақұрылым объектілерін басқарудың негізгі маңызды өлшемі АЭА қатысушыларына қаржылық жүктемені төмендету болып табылады, бұл зауыттар қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар, Салық кодексінің 709-бабының 10-тармағына сәйкес, Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым немесе дара кәсіпкер арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын салық салу объектілері (*салық салу объектілері*) бойынша жер салығының, мүлік салығының және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының бюджетке Толенуге жататын сомасын айқындау кезінде есептелген салық және (немесе) төлемақы сомасын 100 пайызға азайтады.

Осылайша, «KUS» ЖШС-не салықтық жеңілдіктер қолданылмай-тынын ескере отырып, Басқарушы компанияның тарифі АЭА қатысушылары үшін неғұрлым тиімді болады, бұл басқарушы компанияның инфрақұрылым объектілерін берудің негізгі дәлелі болып табылады. Оның үстіне, бұл Басқарушы компанияны құру тұжырымдамасына және «бір терезе» қағидатына сәйкес келетін болады.

3-тармақ. Заңның 17-бабының 7-тармағының талаптары сақталмай, бюджет қаражаты есебінен салынған инфрақұрылым объектілері - **суды тазарту және ағынды суларды тазарту қондырғысы, инженерлік желілер дәлізі, су құбыры, газ турбиналық электр станциясы** басқарушы компанияның иелігіне берілмей нәтижесінде «бір терезе» қағидаты жүзеге асырылмай келеді.

(№2 қосымша. 25.12.2015 жылғы, 09.11.2021 жылғы, 29.04.2021 жылғы, 28.12.2021 жылғы, 28.11.2019 жылғы объектіні пайдалануға қабылдау актілері)

«KPI Inc.» ЖШС

1. 2018 жылғы 01 ақпандағы Атырау қаласы әкімінің №47 қаулысы негізінде полипропилен өндірісі салуға жалпы аумағы 161,5213 гектар жер учаскесін пайдалануға «KPI Inc.» ЖШС-не берілген. Аудитпен қамтылған кезеңде пайдалануға беру актісі жасақталмаған.

2. 2015 жылғы 30 қазандағы Атырау қаласы әкімінің №332 қаулысы негізінде жалпы ауданы 3,1319 га жер учаскесі алынып, ИГХК ҚС-дан «Полимер Продакшн» ЖШС-не дейін 35 кВ электро желісі салуға берілген. 2015 жылы 25 желтоқсанда объектіні пайдалануға берілген;

4-тармақ. Аталған нысан бойынша да Заңның 17-бабының 7-тармағының талаптары сақталмай, инфрақұрылым объектісі ИГХК ҚС-дан «Полимер Продакшн» ЖШС-не дейін 35 кВ электро желісі салынған басқарушы компанияның иелігіне берілмей нәтижесінде «бір терезе» қағидаты жүзеге асырылмай келеді.

(№2 қосымша. 25.12.2015 жылғы объектіні пайдалануға қабылдау актісі)

«Силлено» ЖШС

- 2021 жылғы 6 қазандағы Атырау қаласы әкімінің №3001 қаулысы негізінде мұнай-химия зауытын салу жалпы аумағы 166,9465 га жер учаскесін пайдалануға «Силлено» ЖШС – не берілген, алайда 2021 жылғы 5 қарашадағы №50/11-2021 қосалқы жалдау шартына өзгерістер енгізіліп жалпы аумағы 141,9643 га құрайтын жерді «Силлено» ЖШС-не полиэтилен өндірісін салуға қайта берілген. Көзбен шолып тексеру кезінде күні бүгінге дейін аталған нысан жүзеге асырылмаған.

Сонымен қатар, 2020 жылғы 20 ақпандағы Атырау қаласы әкімінің №412 қаулысы негізінде жалпы ауданы 75,9681 га жер учаскесі алынған және ол жерлер қосалқы жалдау шарттары арқылы келесідей қатысушылар арасында бөлінген:

1) 2023 жылғы 5 маусымдағы №48/06-2023 шарт негізінде **«Дала-Экос БК» ЖШС** – серополимер өндірісіне 3,0823 га;

2) 2022 жылғы 31 наурыздағы №17/03-2022 шарт негізінде **«Ультрастаб-Қазақстан» ЖШС** – тоқылған геосинтетика өндірісіне ауданы 4,2692 га;

3) 2022 жылғы 31 наурыздағы №18/03-2022 шарт негізінде **«РГК Каспий» ЖШС** – экструзиялық геосинтетика өндірісіне 4,2692 га;

4) 2022 жылғы 27 маусымдағы №29/06-2022 шарт негізінде **«Ат-Пластик» ЖШС** - полимерлерден жасалған бұйымдар өндірісіне 4,0012 га;

5) 2022 жылғы 13 маусымдағы №25/06-2022 шарт негізінде **«TenizEcoService» ЖШС** – сұйық азот өндірісіне 3,2476 га;

6) 2023 жылғы 27 наурыздағы №22/03-2023 шарт негізінде **«Интаго Қазақстан» ЖШС** – геосинтетикалық материалдар өндірісіне 1,2000 га;

7) 2023 жылғы 22 мамырдағы №43/05-2023 шарт негізінде **«Berik polytex» ЖШС** – мультифиламентті жіп өндірісіне 1,2000 га. Көзбен шолып тексеру кезінде күні бүгінге дейін аталған нысандар жүзеге асырылмаған.

1.2 Интеграцияланған газ-химия кешені алаңы – «Силлено» ЖШС-не 2021 жылғы 6 қазандағы Атырау қаласы әкімінің №3002 қаулысы негізінде жалпы ауданы 128,2077 га жер учаскесі №2 фаза мұнай-химия зауытын салуға берілгенімен, көзбен шолып тексеру кезінде күні бүгінге дейін аталған нысан жүзеге асырылмаған.

1.3/1.10 Теміржол станциясы, теміржол – 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №56 «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ оралыстырылған акцияларына төлем ретінде мүлікті республикалық меншікке қабылдау және беру туралы актісіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің балансынан «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ балансына жалпы сомасы 6 260 765, 0 мың теңгеге кірме теміржол, теміржол станциясы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ орналыстырылған жай акцияларына төлем ретінде берілген.

1.4 Вахталық кенті –2009 жылғы 13 тамыздағы Атырау қаласы әкімінің №798 қаулысы негізінде вахталық қалашық салу үшін 2032 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге ауданы 4,0109 Га жер учаскесі бөлінген.

Алайда, «Қарабатан» учаскесіндегі вахталық кенті аудитпен қамтылған кезеңде жүзеге асырылмаған. ТЭН түзетуге берілген 2015 жылғы 5 маусымдағы тапсырманың 21.3-тармағына сәйкес объектілер құрамынан 950 орындық вахталық қалашық алынып тасталған (*«Мемсараптама» РММ 18.11.2015 жылғы №01-0476/15 қорытындысы*).

1.5 Буландырғыш тоған – 2018 жылғы 6 наурыздағы Атырау қаласы әкімінің №327 қаулысы негізінде «ҰИМТ» АЭА «Қарабатан» учаскесіндегі булану су қоймасын салу үшін 2032 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге жалпы ауданы 375,02 Га жер учаскесі бөлінген. Аталған нысан көзбен шолып тексеру кезінде күні бүгінге дейін жүзеге асырылмаған.

1.6 Ароматика алаңы –2018 жылғы 10 мамырдағы Атырау қаласы әкімінің №638 қаулысы негізінде мұнай-химия және газ өнеркәсібі құрылысын салу үшін 2032 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге жалпы ауданы 336,25 Га жер учаскесі 4-ке бөлініп (*183.5918 га, 93.2437 га, 50 га, 9.4140 га*) берілген және ол жерлер қосалқы жалдау шарттары арқылы келесідей қатысушылар арасында бөлінген:

1. 2021 жылғы 30 қыркүйектегі №47/09-2021 шарт негізінде «**Бутадиен**» ЖШС – бутадиен өндірісіне 114,0511 га;

2. 2018 жылғы 19 мамырдағы №08/05-2018/10-2018 шарт негізінде «**Karabatan Chemical Corporation**» ЖШС - пропан, бутан және синтетикалық табиғи газ шығаратын газ фракциялау зауытын салуға 69,5407 га.

Қазіргі таңда көлемі 152,66 га бос жер участкелеріне инвестициялар тарту жұмыстары жүргізілуде. Көзбен шолып тексеру кезінде күні бүгінге дейін аталған нысандар жүзеге асырылмаған.

1.7. Отын газ құбыры –2012 жылғы 30 мамырдағы Атырау қаласы әкімінің №862 қаулысы негізінде жалпы ауданы 59,83 га жер учаскесі алынып, отын-газ құбырын салу қарастырылған. Кейін жердің көлемі 28,32 га өзгертіліп, Атырау қаласы әкімінің 2015 жылғы 06 тамыздағы №1392 қаулысы негізінде берілген. Аталған нысан 2014 жылы объектіні қабылдау актісіне сәйкес пайдалануға берілген.

1.8. Кіреберіс автожол –2022 жылғы 17 наурыздағы Атырау қаласы әкімінің №613 қаулысы негізінде жалпы ауданы 15,78 га жер учаскесі алынған. Аталған нысан 2012 жылғы 28 қарашада объектіні қабылдау актісіне сәйкес пайдалануға берілген.

1.9/1.12. Электр беру желілері – 2021 жылғы 13 сәуірдегі Атырау қаласы әкімінің №991 және 2012 жылғы 30 сәуірдегі №860 қаулылары негізінде жалпы ауданы 40,5846 га жер учаскесі алынып, ӘЖ 165-166 Атырау Жарықтан 110/35/10 ҚС дейін ӘЖ 110 кВ салу жұмыстары жүргізілген. 2015 жылы 25 желтоқсанда аталған нысан объектіні қабылдау актісіне сәйкес пайдалануға берілген.

2. «Технопарк» өнеркәсіптік аймағы –2009 жылғы 13 тамыздағы Атырау қаласы әкімінің №797 қаулысы негізінде жалпы ауданы 285 га жер учаскесі алынған, оның ішінде 106,3649 га жер учаскесін 2021 жылғы 24 тамыздағы №29/08-2021 қосалқы жалдау шарты негізінде «Атырау нефтехим» ЖШС-не тазартылған терефтал қышқылы мен полиэтилентерефталат өндірісін салуға берілген. Көзбен шолып тексеру кезінде күні бүгінге дейін аталған нысан жүзеге асырылмаған.

3. Газ бөлу қондырғысының аумағы –2013 жылғы 19 сәуірдегі Атырау қаласы әкімінің №175 қаулысы негізінде жалпы ауданы 100 га жер учаскесі алынған. көзбен шолып тексеру кезінде күні бүгінге дейін аталған нысан жүзеге асырылмаған.

4. Газ құбырының аумағы (*құрғақ газ құбыры, шикізат газ құбыры*) – 2013 жылғы 01 қарашадағы Атырау облысы әкімінің №392 қаулысы негізінде жалпы ауданы 1718,26 га жер учаскесі алынған. Көзбен шолып тексеру кезінде күні бүгінге дейін аталған нысан жүзеге асырылмаған.

5. Көпфункционалды аурухананың аумағының ауданы 10,8660 гектар.

2021 жылғы 03 қыркүйектегі Атырау қаласы әкімінің №409 қаулысы негізінде жалпы ауданы 10,8660 га жер учаскесі алынған, 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №41/09-2021 қосалқы жалдау шарты негізінде «РенЭллАтырау» ЖШС-не көпфункционалды аурухана салуға берілген. Аудитпен қамтылған кезеңде аталған нысан жүзеге асырылмаған және «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ жер учаскесін мемлекет меншігіне қайтару туралы жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, аудит барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 11 тамыздағы №548 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы» қаулысымен бекітілген арнайы экономикалық аймақтың аумағы сәйкес келмейтіндігі анықталды, оның ішінде:

1. теміржол станциясының аумағы қаулы бойынша 95,93 га, нақты аумағы 150,89 га (28.12.2015 жылғы №56 акт);

2. кіреберіс автожолының аумағы қаулы бойынша 17,8 гектар, нақты аумағы 15,78 га (17.03.2022 жылғы №613 қаулы);

3. су құбырының аумағы қаулы бойынша 89,67 гектар, нақты аумағы 84,38 га (16.08.2018 жылғы №1532 қаулы);

4. газ құбырының аумағы қаулы бойынша 1599,53 гектар, нақты аумағы 1718,26 га (16.08.2018 жылғы №1532 қаулы).

5-тармақ. ҚР Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы №495 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Жарлығымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 11 тамыздағы №548 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы» қаулысымен белгіленген аумақтың көлеміне «ҰИМТ» АЭА бөлінген жер учаскелерінің нақты аумағы сәйкес келмейді.

(№3 қосымша. 28.12.2015 жылғы №56 акт, 17.03.2022 жылғы №613 қаулы, 16.08.2018 жылғы №1532 қаулы, 16.08.2018 жылғы №1532 қаулы)

Сонымен қатар, көзбен шолу барысында «Технопарк» өнеркәсіптік аймағында, оның ішінде «Полиэтилентерефталат және терефтал қышқылын өндіру» зәкірлік жобасына арналған технопарк аймағында қажетті инфрақұрылым жоқ екендігі анықталды.

6-тармақ. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 сәуірдегі №242-VI «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Заңының 17-бабының 4-тармағының талаптары сақталмай, көзбен шолу барысында «Технопарк» өнеркәсіптік аймағында, оның ішінде «Полиэтилентерефталат және терефтал қышқылын өндіру» зәкірлік жобасына арналған технопарк аймағында қажетті инфрақұрылым тартылмағандығы анықталды.

(№4 қосымша. 10.08.2023 жылғы «ҰИМТ» АЭА аумағындағы «Карабатан» және «Технопарк» өнеркәсіптік аймағын шолу актісі)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы №495 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы жарлығына сәйкес мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері бекітілген.

№3 кесте. Арнайы экономикалық аймақтың мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері

№ р/с	Мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең (2012 жыл)	2017 жылға қарай қол жеткізу		2022 жылға қарай қол жеткізу	
				нысаналы индикатор	дағдарысты деңгейі	нысаналы индикатор	дағдарысты деңгейі
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Жалпы инвестиция көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	-	945	472	950	475
1.1	шетелдік инвестиция көлемі	млрд. теңге	-	96,75	48	97,75	49
1.2	отандық инвестиция көлемі	млрд. теңге	-	848,25	424	852,25	426
2.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында тауарларды және қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	-	297,12	148,56	1369,13	684,57
3.	Қатысушылар саны	Компаниялар	-	8	6	13	9
4.	Қызметтің қосалқы түрін жүзеге асыратын тұлғалардың саны	адам	-	15	7	30	15
5.	Арнайы экономикалық аймағының аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	-	440	220	490	245
6.	Арнайы экономикалық аймағының аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	-	30	15	40	20

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы №495 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы жарлығына сәйкес нысаналы индикаторларға қол жеткізу 2017 және 2022 жылдар болып белгіленген.

Алайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 11 тамыздағы №548 «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес мақсаттар, міндеттер мен көрсеткіштері қайта бекітілген.

№4 кесте. Арнайы экономикалық аймақтың мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері өзгерістермен

№ р/с	Мақсаттар, міндеттер мен көрсеткіштер (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең (2020 жыл)	2024 жылға қарай жетістік	2028 жылға қарай жетістік	2032 жылға қарай жетістік
	нысаналы индикатор	нысаналы индикатор				
1	2	3	4	5	6	7
1.	Инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	759,18	900	1200	1500
1.1	шетелдік инвестициялар көлемі	млрд. теңге	1,66	90	120	150
1.2	отандық инвестициялар көлемі	млрд. теңге	757,52	810	1080	1350
2.	Арнайы экономикалық аймақ аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	20,77	100	300	500
3.	Қатысушылар саны	компаниялар	10	15	18	25
4.	Қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлғалар саны	компаниялар	1	5	8	11
5.	Арнайы экономикалық аймақтың аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	753	1200	1500	2000
6.	Арнайы экономикалық аймақ аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	-	30	40	50

Нәтижесінде нысаналы индикаторларға қол жеткізу 2024,2028 және 2032 жылдар болып қайта белгіленген. Яғни, аудитпен қамтылған кезеңде 2021-2022 жылдары нысаналы индикаторлар бойынша көрсеткіштерге (жетістіктерге) қол жеткізу көзделмеген.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2019 жылғы 11 шілдедегі №500 «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2 тарауы 2 тармақшасына сәйкес «арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясы есептілікті уәкілетті органға және Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар бойынша Бірыңғай үйлестіру орталығына мемлекеттік және орыс тілдерінде EXCEL нысанында арнайы экономикалық аймақтар үшін есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірден кешіктірілмейтін мерзімде, индустриялық аймақтар үшін есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күніне қарай ұсынады» деп көзделген.

Алайда, «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ы қызметінің нәтижелері туралы 2021 жылғы 12 сәуірдегі №01-01/45 хатымен 2021 жылдың 1 тоқсанына, 2021 жылғы 14 шілдедегі №211 хатымен 2021 жылдың 2 тоқсанына, 2021 жылғы 15 қазандағы №01-01/155 хатымен 2021 жылғы 3 тоқсанына, 2022 жылғы 19 қаңтардағы №01-01/7 хатымен 2021 жылдың 4 тоқсанына қатысты есептерін Қазақстан Республикасы Индустрия және

инфрақұрылымдық даму министрлігіне және көшірмесін «QazIndustry» Қазақстан индустрия және экспорт орталығы» АҚ-на ұсынған.

«ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ы қызметінің нәтижелері туралы 2022 жылғы 14 сәуірдегі №16 хатымен 2022 жылдың 1 тоқсанына, 2022 жылғы 15 шілдедегі №342 хатымен 2022 жылдың 2 тоқсанына, 2022 жылғы 14 қазандағы №514 хатымен 2022 жылғы 3 тоқсанына, 2022 жылғы 13 қаңтардағы №01-01/6 хатымен 2022 жылдың 4 тоқсанына қатысты есептерін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне және көшірмесін «QazIndustry» Қазақстан индустрия және экспорт орталығы» АҚ-на ұсынған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы №249 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 23 ақпандағы № 73 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 наурызда № 16636 болып тіркелді. Күші жойылған - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығымен) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтары басшылыққа алынып, Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 08 желтоқсандағы №07/2020 хаттамалық шешімімен «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ның 2018-2022 жылдарға жоспарланған 2021 жылға арналған даму жоспары бекітілген.

2021 жылға арналған даму жоспарында кірістер, шығыстар, қарыздар, дивидендтер, қаржылық орнықтылық көрсеткіштерін және басқа да мәліметтерді қоса алғанда, Қаржы-шаруашылық қызметтің мақсаттарын, міндеттерін, нәтижелер көрсеткіштерін және негізгі шоғырландырылған және шоғырландырылмаған көрсеткіштерін қамтиды. Жоспарда тиісті кірістер мен шығыстар көзделетін баптар қарастырылған.

№5 кесте. 2021-2022 жылдардағы даму жоспарлары көрсеткіштерінің орындалуы туралы мәліметтер

*мың теңге

Көрсеткіштер	2021			2022		
	жоспары	нақтысы	Айырмашылық	жоспары	нақтысы	Айырмашылық
Кірістер, барлығы	87 420,8	43 363,0	- 44 057,8	518 450	113 723,2	- 404 726,8
Өнімдерді сатудан, қызметтер көрсетуден және жұмыстарды орындаудан түсетін кірістер	83 172,8	37 001,6	- 46 171,2	513 274,6	95 549,1	- 417 725
Басқа кірістер (жалға алу, ком-ны өтеу және т. б.)	4 248,0	6 361,4	+ 2 113,4	5 175,6	18 174,1	+ 12 998,5

Шығындар, барлығы	532 928,5	476 426,6	-56 501,9	537 618,5	503 336,4	- 34 282,1
Сатылған өнімнің өзіндік құны	269 798,2	252 581,9	-17 216,3	318 693,4	303 657,8	- 15 035,6
Әкімшілік шығыстар	258 574,3	218 907,4	- 39 666,9	213 544,0	194 926,5	- 18 617,5
Басқа шығындар	4 555,9	4 937,2	+381,3	5 381,0	4 752,1	- 628,9
Негізгі өндіріс шығындары:	269 798	252 582	-17 215	318 693	303 658	- 15 036
Еңбекақы төлеу қоры	51 957	50 819	-1 138	61 737	59 844	- 1 893
Әлеуметтік салық	2 652	3 027	375	3 344	3 398	55
Әлеуметтік аударымдар	1 422	1 460	39	1 933	1 956	24
Отын және энергия	593	761	167	1 777	763	- 1 014
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	12 614	4 996	-7 618	18 624	9 624	- 9 000
Коммуналдық шығындар және ғимараттарды күтіп ұстау	3 765	2 440	-1 325	3 836	3 456	- 381
Негізгі құралдардың тозуы	140 167	140 166	-1	132 569	140 481	- 7 912
Материалдық емес активтердің амортизациясы	20 137	20 137	0	20 138	20 137	1
Салықтар	889	1 040	151	1 914	1 943	29
Сактандыру	61	44	-16	213	89	- 124
Басқа өндірістік шығындар	35 540	27 692	-7 848	72 609	61 966	- 10 643
Әкімшілік шығыстар:	258 574	218 908	-39 667	213 544	194 927	- 18 617
Еңбекақы төлеу қоры	145 699	138 136	-7 563	146 014	140 858	- 5 156
Негізгі құралдардың тозуы	18 317	10 497	-7 820	19 041	11 246	- 7 794
Материалдық емес активтердің амортизациясы	922	1 667	745	1 495	1 704	210
Салықтар	13 887	13 516	-371	15 557	15 951	395
Консультациялық, заңгерлік және ақпараттық қызметтер	646	587	-59	3 656	3 952	297
Аудиторлық қызметтер	1 000	500	-500	500	500	-
Салықтар бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар	0	408	408	0	0	-
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	1 583	1 585	2	1 348	1 428	80
Материалдар	1 096	396	-700	523	826	303
Байланыс қызметтері	3 261	1 867	-1 394	1 535	1 444	80
Банктердің қызметтері	700	179	-521	145	93	- 51
Иссапар шығындары	6 354	4 533	- 1822	7 098	8 535	1 437
Коммуналдық шығындар және ғимараттарды күтіп ұстау	3 437	1 564	-1 873	1 957	1 852	-105
Күзет қызметтері	43 476	39 101	-4 375	4 288	4 290	2
Кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру шығындары	388	328	-60	222	96	- 126
Сактандыру	144	83	-61	76	76	0
Көлік қызметтері	0	0	0	0	0	-
Басқа шығындар	17 664	3 959	-13 704	10 091	2 076	8 015
Басқалар	4 556	5 024	468	5 381	4 752	- 629
Еңбекақы төлеу қоры	3 235	4 266	1031	4 297	4 096	- 200
Салықтар және әлеуметтік аударымдар	337	442	105	447	450	3
Прочие расходы	984	316	-668	637	206	- 431
Салық салуға дейінгі пайда (залал)	- 445 507	- 433 064	12 443	- 424 121	- 389 613	34 508
Салық салғаннан кейінгі пайда (залал)	- 445 507	- 433 064	12 443	- 424 121	- 389 613	34 508
Бюджет кірісіне дивидендтер						-
Таза пайда	- 449 755	- 433 064	12 443	- 60 60	- 389 613	34 508

Сонымен қатар, қоғамның 2021 жылғы нақты кірістері жоспарлы кірістермен салыстырғанда 44 057,8 мың теңгеге немесе 50,4% төмен.

Бүгінгі таңда қоғамның табысының нақты көзі 2015 жылы балансқа қабылданған теміржол инфрақұрылымы болып табылады. Ол вагон айналымына тікелей байланысты, тиісінше, нақты пайда тек полипропилен зауытының жобалық қуатқа шығуымен күтіледі (*шамамен 2024 жылға қарай*).

Бухгалтерлік есептің 6000 «Кірістер» шотында 2021 жылға кірістердің жалпы сомасы 43 363,0 мың теңгені құрайды, оның ішінде: «Теміржол станциясының қызметтерін сатудан түскен табыс» бойынша – 37 001,6 мың теңге, әкімшілік ғимаратты жалға беру бойынша – 2 388,4 мың теңге, жер учаскесін жалға беру бойынша – 1 513,5 мың теңге, қызметтік-өндірістік ғимаратты жалға беру бойынша – 2 271,8 мың теңге, басқа да кірістер – 187,7 мың теңге.

Қоғамның 2021 жылғы нақты шығындары жоспарлы шығыстармен салыстырғанда 56 501,9 мың теңгеге немесе 10,6 % төмен.

2022 жылға кірістердің жалпы сомасы 113 723,2 мың теңге, оның ішінде: «Теміржол станциясының қызметтерін сатудан түскен табыс» бойынша – 95 549,1 мың теңге, әкімшілік ғимаратты жалға беру бойынша – 2 388,3 мың теңге, жер учаскесін жалға беру бойынша – 4 416,3 мың теңге, қызметтік-өндірістік ғимаратты жалға беру бойынша – 4 610,4 мың теңге, банктегі депозиттің сыйақылары бойынша – 6 396,7 мың теңге, басқа да кірістер – 362,4 мың теңге.

Қоғамның 2022 жылғы нақты шығындары жоспарлы шығыстармен салыстырғанда 34 282,1 мың теңгеге немесе 6,38% төмен.

7-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 11 тармақшасының талаптары сақталмай, «Қызметтің негізгі бағыттары Іске асыру бағдарламасы» 5-қосымшасында өнім бірлігін сату бағасының көрсеткіштері, сондай-ақ «Үстеме шығыстар мен қосалқы өндіріске арналған шығыстарды ескере отырып, негізгі өндіріс шығыстары» 20-қосымшасында шығыстар бойынша көрсетілетін қызметтердің атаулары көрсетілмеген.

(№5 қосымша: Қоғамның 2021-2022 жылдарға арналған даму жоспары)

2021-2022 жылдары жарғылық капиталды толтыруға «Бірлескен химиялық компания» ЖШС-нен 650 000,0 мың теңгеге ақшалай қаражат түскен, оның ішінде:

- 2021 жылғы 13 мамырда 125 000,0 мың теңге;
- 2021 жылғы 15 қыркүйекте 125 000,0 мың теңге;
- 2022 жылғы 12 сәуірде 146 000,0 мың теңге;
- 2022 жылғы 20 желтоқсанда 104 000,0 мың теңге.

Республикалық және жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру жүргізілген жоқ.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы

29 қаңтардағы №ПР-2971 және 2022 жылғы 8 сәуірдегі №127 бұйрықтарымен «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ 2021-2022 жылдарға арналған қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативтері, әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған алаңдардың нормалары, қызметкерлердің іссапар шығыстарын өтеу мөлшерлерінің лимиттері бекітілген.

«ҰИМТ» АЭА БК» АҚ теңгерімінде 2021-2022 жылдары Chevrolet Niva (Ваз 212300), УАЗ 390995-5520 тіркелген.

Сонымен қатар, Қоғам 2021-2022 жылдары жалпы сомасы 6 785,0 мың теңгеге, оның ішінде «INMARKET» ЖШС-мен 2 345,0 мың теңгеге 2021 жылғы 27 сәуірдегі №080640008764/210069/00, «Городская служба отлова» ЖШС-мен 4 440,0 мың теңгеге 2022 жылғы 30 қаңтардағы №080640008764/220009/00 шарттар негізінде жеңіл автокөлікті жүргізушісімен жалға алған.

Қоғам тарапынан жалпы сомасы 2 345,0 мың теңгеге «INMARKET» ЖШС- не төлемдер жасалған, оның ішінде:

- 08.06.2021 жылғы №274 төлем тапсырмасы арқылы 293,1 мың теңге;
- 15.07.2021 жылғы №321 төлем тапсырмасы арқылы 293,1 мың теңге;
- 18.08.2021 жылғы №379 төлем тапсырмасы арқылы 293,1 мың теңге;
- 14.09.2021 жылғы №413 төлем тапсырмасы арқылы 293,1 мың теңге.
- 12.10.2021 жылғы №476 төлем тапсырмасы арқылы 293,1 мың теңге.
- 09.11.2021 жылғы №535 төлем тапсырмасы арқылы 293,1 мың теңге.
- 09.12.2021 жылғы №591 төлем тапсырмасы арқылы 293,1 мың теңге.
- 29.12.2021 жылғы №661 төлем тапсырмасы арқылы 293,1 мың теңге.

Қоғам тарапынан жалпы сомасы 4 440,0 мың теңгеге «Городская служба отлова» ЖШС-не төлемдер жасалған, оның ішінде:

- 18.03.2022 жылғы №97 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 27.04.2022 жылғы №139 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 27.05.2022 жылғы №208 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 29.06.2022 жылғы №283 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 29.07.2022 жылғы №362 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 06.09.2022 жылғы №435 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 30.09.2022 жылғы №490 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 02.11.2022 жылғы №564 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 30.11.2022 жылғы №649 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 23.12.2021 жылғы №709 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге;
- 27.12.2021 жылғы №728 төлем тапсырмасы арқылы 403,6 мың теңге.

Сол сияқты 2021-2022 жылдары жалпы сомасы 18 528,7 мың теңгеге микроавтобусты жүргізушісімен келесі келісімшарттар негізінде жалға алған, оның ішінде:

- Абдильдин Ержан Аскарбековичпен 1 527,1 мың теңгеге 2021 жылғы 13 қаңтардағы №080640008764/200069/01;
- «Кулагер Эксперт» ЖШС-мен 7 728,0 мың теңгеге 2021 жылғы 28

ақпандағы №080640008764/210047/00, 1 545,0 мың теңгеге қосымша 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №080640008764/210047/01;

- «ТрансТехСервис 2025» ЖШС-мен 7 728,0 мың теңгеге 2022 жылғы 11 сәуірдегі №080640008764/220052/00.

Қоғам тарапынан жалпы сомасы 1 527,1 мың теңгеге Абдильдин Ержан Аскарбековичке төлемдер жасалған, оның ішінде:

- 04.03.2021 жылғы №103 төлем тапсырмасы арқылы 857,1 мың теңге;
- 12.12.2022 жылғы №62 төлем тапсырмасы арқылы 670,0 мың теңге;

Қоғам тарапынан жалпы сомасы 9 273,6 мың теңгеге «Кулагер Эксперт» ЖШС-не төлемдер жасалған, оның ішінде:

- 09.04.2021 жылғы №149 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 15.05.2021 жылғы №208 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 08.06.2021 жылғы №273 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 15.07.2021 жылғы №320 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 18.08.2021 жылғы №375 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 14.09.2021 жылғы №412 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 12.10.2021 жылғы №475 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 09.11.2021 жылғы №574 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 09.12.2021 жылғы №594 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 28.12.2021 жылғы №632 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге.
- 28.02.2022 жылғы №61 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;
- 18.03.2022 жылғы №103 төлем тапсырмасы арқылы 772,8 мың теңге;

Қоғам тарапынан сомасы 7 727,3 мың теңгеге «ТрансТехСервис 2025» ЖШС-не төлемдер жасалған, оның ішінде:

- 27.05.2022 жылғы №209 төлем тапсырмасы арқылы 583,3 мың теңге;
- 29.06.2022 жылғы №285 төлем тапсырмасы арқылы 893,0 мың теңге;
- 27.06.2022 жылғы №363 төлем тапсырмасы арқылы 893,0 мың теңге;
- 27.08.2022 жылғы №430 төлем тапсырмасы арқылы 893,0 мың теңге;
- 30.09.2022 жылғы №491 төлем тапсырмасы арқылы 893,0 мың теңге;
- 02.11.2022 жылғы №563 төлем тапсырмасы арқылы 893,0 мың теңге;
- 30.11.2022 жылғы №650 төлем тапсырмасы арқылы 893,0 мың теңге;
- 23.12.2021 жылғы №710 төлем тапсырмасы арқылы 893,0 мың теңге;
- 27.12.2021 жылғы №729 төлем тапсырмасы арқылы 893,0 мың теңге.

Алайда, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы №ПР-2971 және 2022 жылғы 8 сәуірдегі №127 бұйрықтарымен «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ 2021-2022 жылдарға арналған қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативтеріне сәйкес 2 қызметтік автокөлік лимиті орнатылған. Яғни, Қоғам Chevrolet Niva, УАЗ 390995-5520 қызметтік автокөліктерінен бөлек қосымша нормативтен жоғары 1 автокөлігін және нормативпен рұқсат етілмеген 1 микроавтобусты жалға алған.

8-тармақ. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы №ПР-2971 және 2022 жылғы 8 сәуірдегі №127 бұйрықтарының талаптары сақалмай, «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ жалпы сомасы **25 313,7 мың теңгеге** (2021 жылы – 11 600,1 мың теңге 2022 жылы –

13 713,6 мың теңге) автокөліктерді жалға алған.

(№6 қосымша: Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы №ПР-2971 және 2022 жылғы 8 сәуірдегі №127 бұйрықтары, жалға алу шарттары)

«ҰИМТ» АЭА БК» АҚ теңгерімінде 771,9 м2 құрайтын әкімшілік ғимарат тіркелен. Аталған ғимараттың 651, 26 м2 қоғамның әкімшілік аппараты орналастырылған және 120,64 м2 Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне жалға берілген.

Жалға беру Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (Тапсырыс беруші) мен «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ (Өнім беруші) арасында жасалған 2021 жылғы 3 ақпандағы №140940023346/210004/00 және 2022 жылғы 18 наурыздағы №140940023346/220035/00 мемлекеттік сатып алу туралы шарттары негізінде жүзеге асырылған. Келісім шарттардың құны екі жылда да 2 675,0 мың теңгені (оның ішінде ҚҚС-ы 286,6 мың теңге) құраған, яғни екі жылдағы шарттардың жалпы сомасы 5 350,0 мың теңге (оның ішінде ҚҚС-ы 573,2 мың теңге).

2020 жылғы 28 желтоқсанда және 2021 жылғы 29 қарашада Басқарма төрағасымен бекітілген 2021-2022 жылдарға арналған «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ның кеңсе ғимаратындағы (мекен-жай: Атырау қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы 38) үй-жайды жалға алу құнын есептеуге сәйкес жалға берудің жалпы шығыны 2021 жылы 2 674,9 мың теңгені (ҚҚС-мен), 2022 жылы 2807,3 мың теңгені (ҚҚС-мен) құрайды.

2021 жылы нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі тарапынан жалпы сомасы 2 674,9 мың теңгеге төлемдер жасалған, оның ішінде:

- 26.02.2021 жылғы №102025695 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 31.03.2021 жылғы №102967238 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 02.04.2021 жылғы №103028424 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 05.05.2021 жылғы №103945834 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 04.06.2021 жылғы №104889890 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 04.08.2021 жылғы №106682525 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 26.08.2021 жылғы №107271852 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 13.09.2021 жылғы №107703713 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 18.10.2021 жылғы №108723392 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 08.12.2021 жылғы №110514765 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 23.12.2021 жылғы №111219794 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;
- 24.12.2021 жылғы №111310457 төлем тапсырмасы арқылы 222,9 мың теңге;

2022 жылы нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі тарапынан жалпы сомасы 2 674,9 мың теңгеге төлемдер жасалған, оның ішінде:

- 14.04.2022 жылғы №114169863 төлем тапсырмасы арқылы 129,6 мың теңге;
- 17.05.2022 жылғы №115153212 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;
- 20.06.2022 жылғы №116305087 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;
- 02.08.2022 жылғы №117974406 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;
- 05.08.2022 жылғы №118072036 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;
- 12.09.2022 жылғы №119158702 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;
- 18.10.2022 жылғы №120195888 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;
- 15.11.2022 жылғы №121222065 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;

- 13.12.2022 жылғы №122396696 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;
- 14.12.2022 жылғы №122468467 төлем тапсырмасы арқылы 282,8 мың теңге;

Яғни, 2021 жылдан шарттан түсетін түсімдер жалға беру шығыстарын ғана жабатынын көруге болады. Ал, 2022 жылы жалға беру сомасы 2 674,9 мың теңгені құраса, есептелу бойынша шығындар сомасы **2 807,3 мың теңге** болып орнатылған. Бұл тіпті келісімшарт сомасы жалдау шығындарын өтемейтінін көрсетеді. Себебі Қоғам аталған шарт бойынша өнім беруші ретінде әрекет еткен.

Тиісінше, Қоғам аталған тұрғын емес үй-жайды төмен құны бойынша жалға бергені анықталды, ал егер Қоғам өз бетінше тапсыр беруші ретінде әрекет етіп жалға берген жағдайда бірнеше есе көп табыс таба алатын еді.

Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес активтер қоғам болашақта экономикалық пайда алуды күтетін өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған қоғам бақылайтын ресурстар болып табылады.

Активте жасалған болашақ экономикалық пайда деп қоғамға ақша қаражаттары мен олардың баламаларының түсу мүмкіндігі түсініледі. Бұл мүмкіндік компанияның операциялық қызметінің бір бөлігін құрайды және қолма-қол ақшаға немесе оның баламаларына қайтымдылық немесе ақша қаражаттарының кетуін азайту мүмкіндігі түрінде болуы мүмкін.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 70-бабының 1-тармағына сәйкес жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар мемлекеттік мүлікті иеленуге және (немесе) мүліктің пайдалы қасиеттерін алу, сондай-ақ одан табыс түрінде пайда алу үшін пайдалануға құқылы...».

Осылайша, Қоғам өз активтерінен тиісті экономикалық пайда алмай келеді.

9-тармақ. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 70-бабының 1-тармағын бұза отырып, Қоғам өзінің тұрғын емес үй-жайын өзі бағынысты ұйымға төмен бағамен жалға беріп, соның әсерінен экономикалық пайданы жоғалтуда.

(№7 қосымша. 03.03.2021 жылғы №140940023346/210004/00, 18.03.2022 жылғы №140940023346/220035/00 шарттар, 2021-2022 жылдарға арналған жалға беру калькуляциясы)

Аудитпен қамтылған кезең аралығында 2017 жылғы 14 наурыздағы Ұлттық индустриялық мұнай химия технопаркi арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы акционерлік қоғамының қызметкерлерінің іссапарлары туралы ережесіне сәйкес *(директорлар кеңесінің 2017 жылғы 14 наурыздағы №01/2107 хатамасы)* қоғамының 2021 жылы жалпы сомасы 4 740,4 мың теңге, 2022 жылы жалпы сомасы 9 004,2 мың теңге іссапар шығындарына қаражат жұмсалған.

Іссапар шығындарының сәйкестігіне аудит жүргізу кезінде, төмендегі кемшіліктер анықталды.

Қоғам төрағасы Г.Куркимовтың 2022 жылғы 14 қарашадағы №43-к/м бұрығына сәйкес қоғамның құқықтық жағынан қамтамасыз ету

және сатып алу қызметінің басшысы Нурбек Берикович Мухажановтың қызметтік жазбасында баяндалған қолданыстағы проблемалық мәселелерді шешу үшін Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне 2022 жылдың 05-ші желтоқсанныан бастап 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін 27 күнтізбелік күнге іссапарға Атырау – Астана – Атырау бағыты бойынша жіберілген.

Қоғамның құқықтық жағынан қамтамасыз ету және сатып алу қызметінің басшысы Нурбек Берикович Мухажанов әуе көлігімен 2022 жылы 05 желтоқсанда Атырау қаласынан Астана қаласына, 2022 жылдың 31 желтоқсанда Астана қаласынан Атырау қаласына ұшып келген.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 14 наурыздағы №01/2107 хатамасымен бекітілген «Ұлттық индустриялық мұнай химия технопаркі арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы акционерлік қоғамы қызметкерлерінің іссапарлары туралы» ережесінің 3-тармағының 3.2 тармақшасына сәйкес қызметкерді бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған органға іссапарға жіберу мерзімі **бес күннен аспауға тиіс** деп көрсетілген.

10-тармақ Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» кодексінің 40 бабының 2 тармақшасының және Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 14 наурыздағы №01/2107 хатамасымен бекітілген «Ұлттық индустриялық мұнай химия технопаркі арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы акционерлік қоғамы қызметкерлерінің іссапарлары туралы» ережесінің 3-тармағының 3.2 тармақшасының талаптары бұзылып, қызметкерді бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған органға іссапарға 27 (*жиырма жеті*) күнтізбелік күнге жіберілген, нәтижесінде **605,4 мың теңге** жұмсалған.

(№8 қосымша. 14.11.2022 жылы №47 к/м бұйрығы, 31.12.2021 жылғы №37 аванстық есеп, 14.03.2017 жылғы қызметкерлерінің іссапарлары туралы ереже).

02.11.2021 жылы №23 к/м бұйрығына сәйкес қоғамның басқарушы директоры Дәурен Жумакалиевич Ахметовты Алматы қаласындағы «Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы «Qazindustry» АҚ-на 2021 жылдың 8-ші қарашасынан бастап 14 қарашасына дейін 7 күнтізбелік күнге іссапарға Атырау – Алматы – Атырау бағыты бойынша жіберілген.

Басқарушы директоры Дәурен Жумакалиевич Ахметов пәтерақы жалдау 2021 жылдың 08 қарашадағы келісім шартына сәйкес (2021 жылдың 08 қарашадан бастап 14 қараша) аралығына 6 күнге жалдаған. Аталған пәтер ақы 1 күнге артық есептелгендігі анықталды. Себебі басқарушы директоры Дәурен Жумакалиевич Ахметов әуе көлігімен 2021 жылы 08 қарашада Атыраудан сағат 11-30-да ұшу уақытты, Алматы қаласына келу уақытты сағат 13:10-де.

Әуе көлігімен 2021 жылдың 13 қарашада (сағат 23:35-те ұшу уақытты), Алматы қаласынан, Атырау қаласына 14 қарашада (сағат 01:45-те келу уақытты) ұшып келгені анықталды.

11-тармақ Аудитпен қамтылған кезең аралығында Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 14 наурыздағы №01/2107 хатамасымен бекітілген *«Ұлттық индустриялық мұнай химия технопаркi арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы акционерлік қоғамы қызметкерлерінің іссапарлары туралы»* ережесіне сәйкес 3-тармағының 3.6 тармақшасының *«қызметкердің іссапар орнында нақты болу уақыты жол жүру құжаттары бойынша бұйрыққа сәйкес айқындалады (әуе көлігі үшін-билет, теміржол билеті үшін отырғызу талоны, автобус, су көлігінің отырғызу талоны-билет)»* және 3.11 – тармақшасының *«қызметкер іссапардан пойызбен, автобуспен, ұшақпен немесе басқа да көлік құралдарымен нақты келген күні болып табылады»* деген талабы сақталмай, Басқарушы директоры Дәурен Жумакалиевич Ахметовке пәтерақы жалдау ақысы жалпы сомасы **29,0 мың теңге** 1 күнге артық есептелінген анықталды.

(№9 қосымша. 02.11.2021 жылы №23 к/м бұйрығы, 19.11.2021 жылғы №25 аванстық есеп)

Қоғамның залады болу себебін талдау.

Қоғам 2021-2022 жылдардағы бекітілген даму жоспарларында қаржы-шаруашылық қызметтерін заламен жоспарлаған:

2021 жыл даму жоспары (ҚШҚ нәтижесі) – (- 445 507,71 мың теңге);

2022 жыл даму жоспары (ҚШҚ нәтижесі) – (- 424 121,1 мың теңге).

Қоғамның залалды мекеме болуының бірден бір себебі өнімді сатудан түсетін кірістер (*қызмет көрсетуден*) тек қана жалғыз теміржол станциясынан түсетін түсімдердің болуы. Бұл теміржол станциясы Қоғамға 2015 жылы жарғылық капитал құнын ұлғайту мақсатында берілген. Қоғамның табыс көзі вагон айналымына тікелей байланысты, тиісінше, нақты пайда тек «зәкірлік» жобалардың жобалық қуатқа шығуымен күтіледі (*қазіргі уақытта аяқталған және іске қосу-реттеу жұмыстары сатысында жалғыз «зәкірлік» жоба – полипропилен өндірісі*). Бүгінгі күні арнайы экономикалық аймақта осы теміржол станциясың жалғыз тұтынушысы полипропилен зауыты. Сонымен қатар, аталған зауыт өзіне инфрақұрылым ретінде төрт теміржол жолақтарын Қоғамның теміржол жолақтарына қосу арқылы салып алған. Яғни, Қоғам бәсекелес теміржол жолақтарының болу есебінен тиісінше белгілі бір дәрежеде өз кірістерін жоғалтады.

Арнайы экономикалық аймақты құру барысында басқарушы компания қатысушыларды инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету және олар бойынша қызметтер көрсету қарастырылған. Сәйкесінше көрсетілетін қызметтерден пайда табу көзделеді. Осы тұста арнайы экономикалық аймақтың инфрақұрылым объектілерін салу қатысушылардың біріне берілген. Осы инфрақұрылым объектілері бюджет қаражатына салынып, пайдалануға берілгеніне қарамастан әлі күнге дейін Қоғамның (*басқарушы компания*) иелігіне өтпей келеді. Бұл, өз кезегінде Қоғамның қандай да бір көлемде пайда көзінен айырылуына әкеліп отыр.

Осы тұста, Қоғам мен Директорлар кеңесі тарапынан табысты алу және залалды жағдайдан шешу жолдары мақсатында Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, дайын инфрақұрылым объектілерін өзіне алу

бойынша шешімдер қабылданбауда.

Бұған қоса, Арнайы экономикалық аймақ аумағында әлі күнге дейін инфрақұрылым объектілерінің құрылысы толықтай аяқталмаған, бұл өз кезегінде қатысушылар мен инвесторлардың қызығушылығын төмендетуде.

Сонымен қатар, Қоғам тұрғын емес үй-жайды төмен құны бойынша жалға беріп, кірістері шығыстарын жаппай отырғандығы анықталды, ал егер ол өз бетінше әрекет еткен жағдайда бірнеше есе көп табыс таба алу мүмкіндігі жоғары болар еді.

Сондай-ақ, Қоғамның табысына әсер ететін негізсіз шығыстар белгіленді, мысалы, өзінің штатында бар бірліктердің қызметін үшінші тұлғалардан өтелмелі қызмет көрсету шарты арқылы сатып алуда. Бұл шарттар тиісті дәрежеде орындалмай, Қоғам үшін экономикалық пайда әкелмеуде.

Оған қоса, залалға бірден бір септігін тигізетін негізгі құралдардың амортизациялық шығындары дұрыс есептелмеуі, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің Қоғам теңгерімінде көрініс таппауы, негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімінің дұрыс қолданылмауы, ағымдағы шығындардың негізгі құралдардың құнына кірістірілуі секілді себептер аудит барысында анықталды.

Аудиторлық бағдарламаның «Даму жоспарын және оның орындалуын, кірістер мен шығыстардың құрылымын талдау» сұрағы тексеріліп бұзушылықтар анықталды.

2) Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

2. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік.

Аудит бағдарламасының сұрағына жауап.

Аудитпен қамтылған кезеңде бухгалтерлік есепті жүргізу Қоғамның директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі №03/2020 шешімімен бекітілген Есеп саясатына (*бұдан әрі – Есеп саясаты*) сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамның бухгалтерлік есебі 1С-бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

Қоғамда кассалық операциялар жүргізілмейді, сәйкесінше қолма қол ақшаны бақылау шоттары жоқ.

01.01.2022 жылғы жағдай бойынша қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешектердің жалпы сомасы 8 454,8 мың теңгені құрады, оның ішінде:

14.02.2019 жылғы №12/02-19 келісім шартқа, 30.09.2021 жылғы №02 қосымша келісім шарт бойынша Атырау қаласындағы филиалы «Bazis Construction» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 160,9 мың теңге.

19.03.2021 жылғы №23/03-2021 келісім шарт бойынша «Daring Corporation» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 1 337,1 мың теңге.

01.01.2021 жылғы №08/01-2021 келісім шарт бойынша «Global Chemical» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 61,9 мың теңге.

«Karabatan Utility Solutions» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 804,0 мың теңге төмендегі келісім шарттар бойынша.

- 16.03.2021 жылғы №19/03-2021 жерді жалдау келісім шарт.

- 16.03.2021 жылғы №20/03-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 16.03.2021 жылғы №21/03-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 16.03.2021 жылғы №22/03-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 30.04.2021 жылғы №24/04-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 29.10.2021 жылғы №30/09-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 31.10.2021 жылғы №31/09-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 29.10.2021 жылғы №33/09-2021 жерді жалдау келісім шарт.

15.12.2021 жылғы №56/12 келісім шарт бойынша «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» (Казахстан Петрокемикал Индустриаз Инк) ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 224,8 мың теңге.

01.01.2021 жылғы №09/01-2021 келісім шарт бойынша «WESTGASOIL CASPIAN» ЖШС -нің берешегі жалпы сомасы 120,3 мың теңге.

10.12.2021 жылғы №56/12-2021 келісім шарт бойынша «Жан Анель corporation» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 231,8 мың теңге.

01.01.2021 жылғы №11/01-2021 темір жол қызметін көрсету келісім шарты «Казинтерфрахт-Ақсай ТЭК» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 337,2 мың теңге.

21.02.2020 жылғы №07/02-2020, 16.03.2021 жылғы №18/03-2021 келісім шарттары бойынша «Монтаж Лидер» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 343,8 мың теңге.

08.12.2021 жылғы №ATR/IGCC/CON-7/OO-02-05/2021/02 келісім шарт бойынша «НГСК КазСтройСервис Атыраудағы филиалы» АҚ -ның берешегі жалпы сомасы 4614,8 мың теңге.

03.02.2020 жылғы № 04/01-2020, 05.01.2021 жылғы № 12/01-2021 келісім шарттары бойынша «СтальСпецстрой» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 132,2 мың теңге.

01.01.2021 жылғы № 07/01-2021 келісім шарт бойынша «Эр Лиқид Карабатан Тех Газы» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 85,9 мың теңге.

01.01.2023 жылғы жағдай бойынша қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешектердің жалпы сомасы 30 103,5 мың теңгені құрады, оның ішінде:

06.12.2022 жылғы №56/12-2022 келісім шарт бойынша «E-Packing» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 44,9 мың теңге.

02.09.2022 жылғы №32/07-2022 келісім шарт бойынша «GAZenergy» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 26,9 мың теңге.

05.01.2022 жылғы №07/01-2022 келісім шарт бойынша «Karabatan Chemical Corporation» ЖШС -нің берешегі жалпы сомасы 79,1 мың теңге.

«Karabatan Utility Solutions» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 1 884,1 мың теңге төмендегі келісім шарттар бойынша.

- 16.03.2021 жылғы №19/03-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 16.03.2021 №20/03-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 16.03.2021 жылғы №21/03-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 16.03.2021 жылғы №22/03-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 30.04.2021 жылғы №24/04-2021 от жерді жалдау келісім шарт.
- 29.10.2021 жылғы №30/09-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 31.10.2021 жылғы №31/09-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 29.10.2021 жылғы №33/09-2021 жерді жалдау келісім шарт.
- 17.08.2022 жылғы №35/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 17.08.2022 жылғы №36/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 17.08.2022 жылғы №37/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 17.08.2022 жылғы №38/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.

- 17.08.2022 жылғы №39/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 17.08.2022 жылғы №40/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 17.08.2022 жылғы №41/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 17.08.2022 жылғы №42/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 17.08.2022 жылғы №43/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 24.08.2022 жылғы №44/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.
- 24.08.2022 жылғы №45/08-2022 жерді жалдау келісім шарт.

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» (Казахстан Петрокемикал Индустриаз Инк) ЖШС - нің берешегі жалпы сомасы 23 220,6 мың теңге төмендегі келісім шарттар бойынша.

8.09.2022 жылғы №46/09-2022 келісім шарт.

27.01.2022 жылғы №10/01-2022 келісім шартқа 31.03.2022 жылғы №01 қосымша.

06.12.2022 жылғы №57/12-2022 келісім шарт бойынша «PolyStandart» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 7,8 мың теңге.

21.02.2020 жылғы №07/02-2020, 16.03.2021 жылғы №18/03-2021 келісім шарт бойынша «Монтаж Лидер» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 343,8 мың теңге.

27.06.2022 жылғы №28/06-2022 келісім шарт бойынша Атырау облысы бойынша филиалы «НГСК КазСтройСервис» АҚ-ның берешегі жалпы сомасы 397,0 мың теңге.

03.02.2020 жылғы №04/01-2020, 05.01.2021 жылғы №12/01-2021 келісім шарттары бойынша «СтальСпецстрой» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 132,2 мың теңге.

«ТТТ Сервис» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 3 872,3 мың теңге төмендегі келісім шарттар бойынша.

30.04.2022 жылғы №21/04-2022 келісім шарт.

19.02.2022 жылғы №18/02-2022 келісім шартқа 31.03.2022 жылғы №01 қосымша шарт.

19.02.2022 жылғы №17/02-2022 келісім шартқа 31.03.2022 жылғы №2 қосымша шарт.

05.01.2022 жылғы №06/01-2022 келісім шарт бойынша «Эр Ликид Карабатан Тех Газы» ЖШС-нің берешегі жалпы сомасы 94,6 мың теңге.

01.01.2022 жылғы жағдай бойынша қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешектердің 5 058,8 мың теңгені құрады, оның ішінде:

19.11.2021 жылғы № 109/2021 келісім шарт бойынша «АУАСОМ» ЖШС-не жалпы сомасы 4 308,3 мың теңге.

27.01.2021 жылғы №19/2021 келісім шарт бойынша «Karabatan Power» ЖШС-не жалпы сомасы 543,2 мың теңге.

28.01.2021 жылғы № 10/2021 келісім шарт бойынша «West Dala» ЖШС-не жалпы сомасы 11,2 мың теңге.

01.01.2021 жылғы № А/553 келісім шарт бойынша «АтырауЭнергосату» ЖШС-не жалпы сомасы 123,6 мың теңге.

01.01.2021 жылғы №1/0082-КБ келісім шарт бойынша «КазТрансГаз Аймак» АҚ-на жалпы сомасы 67,3 мың теңге.

13.01.2021 жылғы № 5153, 05.02.2021 жылғы №3663, келісім шарттары бойынша «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-на жалпы сомасы 5,3 мың теңге.

01.02.2021 жылғы № 14/2021 келісім шарт «Казахтелеком» (Ақтобе) Филиал АҚ жалпы сомасы 0,1 мың теңге.

01.01.2023 жылға жағдай бойынша қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешектердің жалпы сомасы 4 418,1 мың теңгені құрады, оның ішінде:

26.12.2022 жылғы №04/2023 келісім шарт бойынша «Eurasian Energy Group»

ЖШС-не жалпы сомасы 657,4 мың теңге.

07.02.2022 жылғы № 16/2022 келісім шарт бойынша «Jusan Mobile» АҚ-на жалпы сомасы 0,9 мың теңге.

01.01.2022 жылғы № А/553 келісім шарт бойынша «АтырауЭнергосату» ЖШС-не жалпы сомасы 154,9 мың теңге.

30.12.2022жылғы № 06/2023 келісім шарт бойынша «Восьмерка»ЖК-не жалпы сомасы 20,0 мың теңге.

13.12.2022 жылғы №286/2021 келісім шарт бойынша «Информационно-учетный центр»АҚ-на жалпы сомасы 3,1 мың теңге.

28.11.2022 жылғы №112/2022 келісім шарт бойынша «Бекет»ЖК-не жалпы сомасы 2 460,0 мың теңге.

31.01.2022 жылғы №17/2022 келісім шарт бойынша «Казахтелеком» АҚ-на жалпы сомасы 1,9 мың теңге.

01.01.2022 жылғы №1/0082-КБ келісім шарт бойынша «КазТранс ГазАймак» АҚ-на жалпы сомасы 43,2 мың теңге.

05.01.2022 жылғы №3663,05.01.2022 жылғы №5153 келісім шарттары бойынша «Атырау облысы Су Арнасы» КМК-на жалпы сомасы 5,9 мың теңге.

15.11.2022 жылғы №55/11-2022 келісім шарт бойынша «Мухамедов Руслан Нариманович»ЖК-не жалпы сомасы 1 000,9 мың теңге.

24.05.2022 жылғы №62/2022 келісім шарт бойынша «НИЕТ ЛТД» ЖШС-не жалпы сомасы 69,8 мың теңге.

Негізгі құралдар

2021 жылы Қоғамның теңгерімінде қалдық құны 4 779 739,7 мың теңгені *(бастапқы құны 5 583 883,9 мың теңгені)* құрайтын негізгі құралдар тіркелген. Жыл ішінде негізгі құралдар 6 939,1 мың теңгеге түскен, 716,6 мың теңгеге есептен шығарылған. Есептелген амортизация сомасы 150 659,8 мың теңгені құрайды. Яғни, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың қалдық құны 4 635 302,4 мың теңгені құрайды.

2022 жылы Қоғамның теңгерімінде 4 635 302,4 мың теңгені *(бастапқы құны 5 588 818, 9 мың теңгені)* құрайтын негізгі құралдар тіркелген. Жыл ішінде негізгі құралдар 26 508,8 мың теңгеге түскен, 66,0 мың теңгеге есептен шығарылған. Есептелген амортизация сомасы 151 727,4 мың теңгені құрайды. Яғни, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың қалдық құны 4 510 017, 3 мың теңгені құрайды.

Қоғамның Есеп саясатына сәйкес негізгі құралдар бойынша амортизацияны есептеу әдісі ретінде тікелей әдіс белгіленген және пайдалы қызмет мерзімі келесідей айқындалған:

- ғимараттар, құрылыстар – 40 жыл;
- машиналар мен жабдықтар – 7 жыл;
- көлік құралдары – 7 жыл;
- компьютерлік жабдықтар – 5 жыл;
- басқа да негізгі құралдар – 10 жыл.

Алайда, Қоғамның негізгі құралдар амортизациясының ведомосіне сәйкес 13 жабдық *(теледидар, шпалдардың астындағы балласты тығыздауға арналған шпалдар және т.б)* бойынша пайдалы қызмет мерзімі – 5 жыл немесе 60 ай, 54 басқа да негізгі құралдар *(сейф, металл сейф және т.б)* бойынша

пайдалы қызмет мерзімі – 5 жыл немесе 60 ай деп анықталған.

Осылайша, жабдықтар мен басқа да негізгі құралдар бойынша 2023 жылдың 1 қаңтарына 481,7 мың теңгеге амортизация артық есептелген.

12-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағы, 3-тармағының 1) тармақшасы және Есеп саясатының 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөлімінің талабы сақталмай, 2023 жылдың 1 қаңтарына негізгі құралдар бойынша **481,7 мың теңгеге** амортизация артық есептелген.

(№10 қосымша. 2420 айналым-сальдо ведомствосы)

Сонымен қатар, негізгі құралдар амортизациясының ведомосінде 2013-2016 жылдар аралығында есепке алынған ғимараттар, құрылыстар бойынша пайдалы қызмет мерзімі 120 және 480 ай аралығында белгіленген.

Яғни, құны 20 249,4 мың теңгені құрайтын автокөлік жолы *(инвентарлық №000000019)* бойынша пайдалы қызмет мерзімі – 10 жыл немесе 120 ай деп белгіленіп, ал дәл осындай сипаттас 246 241,0 мың теңгені және 355 681,0 мың теңгені құрайтын автокөлік жолдары *(инвентарлық №000000373-374)* бойынша пайдалы қызмет мерзімі – 40 жыл немесе 480 ай деп белгіленген.

Есеп саясатының *(2020 жылғы 28 сәуірдегі №03/2020)* 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөліміне сәйкес «активтердің пайдалы қызмет мерзімі кезеңді түрде қайта қаралады. Егер кейінгі есептеулер алдыңғы есептеулерден айтарлықтай ерекшеленсе, онда ағымдағы және болашақ кезеңдердің амортизациялық аударымдары түзетіледі».

Қоғам тарапынан бірдей активтердің пайдалы қызмет мерзімі уақытылы қайта қаралмаған. Сәйкесінше қоғам тарапынан уақытылы тиісті шешімдер қабылданған жағдайда автокөлік жолы *(инвентарлық №000000019)* бойынша амортизация шығындары 1 349,9 мың теңгеге *(32 ай)* төмен болар еді. Осы секілді басқа да негізгі құралдарды қайта қарау бойынша уақытылы шешім қабылдаған жағдайда 9 608,6 мың теңгеге *(32 ай)* амортизациялық шығындар төмен болар еді.

13-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағы, 3-тармағының 1) тармақшасы және Есеп саясатының 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөлімінің талаптары қолданылмай, Қоғам тарапынан негізгі құралдар бойынша залады азайтудың бір жолы болып табылатын тиісті шаралар уақытылы қабылданбай нәтижесінде **22 040,7 мың теңгеге** амортизациялық шығындар есептелген.

(№11 қосымша. 2420 айналым-сальдо ведомствосы)

Сонымен қатар, Қоғамның теңгеріміндегі құны 168 883,0 мың теңгені құрайтын ЭЦҚ бекетінің қызметтік-өндірістік ғимаратына және құны 75 028,0 мың теңгені құрайтын вагондарды бақылау-техникалық

байқау пункттеріне 2022 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Ағымдағы жөндеу жұмыстары 5 941,0 мың теңгеге Қоғам мен «Джаилибеков Н.Б» арасында 2022 жылғы 27 қыркүйекте жасалған №080640008764/220101/00 шарт негізінде жүзеге асырылған.

Аталған жұмыстар 2022 жылғы 4 қарашадағы екі жақты қол қойылған №11 орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.

Қоғаммен ағымдағы жұмыстар бухгалтерлік операциялармен 2022 жылғы 30 қарашада аталған активтердің құнына капиталдандырылған, сәйкесінше ЭЦҚ бекетінің қызметтік-өндірістік ғимаратының құны 3 777,5 мың теңгеге ұлғайып 172 660,5 мың теңгені, ал вагондарды бақылау-техникалық байқау пункттерінің құны 2 163,5 мың теңгеге ұлғайып 77 191,5 мың теңгені құраған.

Алайда, Қоғамның есеп саясатының 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөлімінде ағымдағы жөндеу және қалпына келтіруге кеткен шығындарды қоса алғанда, негізгі құралдардың техникалық жай-күйін сақтау және қолдау мақсатында кейіннен жұмсалған шығындар бастапқы құнды өсірмейді, бірақ олар пайда болған кезде ағымдағы шығындар ретінде танылады деп көрсетілген.

14-тармақ. Осылайша Қоғаммен Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының, есеп саясатының 11 бөлімінің талаптары сақталмай, негізгі құралдардың техникалық жай-күйін сақтау мен қолдау мақсатында жұмсалған **5 941,0 мың теңгеге** ағымдағы шығындар 2 негізгі құралдың бастапқы құнына қосылып, ұлғайтылған және **9,9 мың теңгеге** (2022 жылғы желтоқсан айына көбейту 2 пайыз) амортизация артық есептелген.

(№12 қосымша: 27.09.2022 жылғы №080640008764/220101/00 шарт, 04.11.2022 жылғы жасалған жұмыстар актісі).

2016 жылғы 5 қаңтарда 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №56 «Мүлікті республикалық меншіктен «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопарк» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ-ның орналастырылған акцияларын төлеу есебіне қабылдау-беру актісінің негізінде Қоғам теңгеріміне 6 260 765,0 мың теңгеге 35 дана негізгі құрал алынған.

Алынған құралдар ішінде құны 168 883,0 мың теңгені құрайтын қызметтік-өндірістік ғимарат және құны 75 028,0 мың теңгені құрайтын вагондарды бақылау-техникалық байқау пункті бар.

Аудит барысында аталған екі нысанға түгендеу жүргізіліп, нәтижесінде теңгерімге тіркелмеген қызметтік-өндірістік ғимаратта 152 дана және вагондарды бақылау-техникалық байқау пунктінде 29 дана негізгі құрал анықталды.

Қоғамның экономика және қаржы қызметінің аға менеджері Р.Д. Мусаевтың берген түсіндірме жазбасына сәйкес, түгендеу барысында

анықталған 181 негізгі құрал есепке 2016 жылғы 1 қаңтарда теңгерімнен тыс шотқа құны көрсетілмей алынған, себебі нысандар *(ғимараттар)* құны бойынша бір жолмен берілген *(ЭЦК бекетінің қызметтік-өндірістік ғимараты – 168 883,0 мың теңге, вагондарды бақылау-техникалық байқау пункті – 75 028,0 мың теңге)*.

15-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағы және Есеп саясатының 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөлімінің талабы бұзылып, Қоғамның негізгі құралдары – қызметтік-өндірістік ғимараты **168 883,0 мың теңгеге**, вагондарды бақылау-техникалық байқау пункті **75 028,0 мың теңгеге** теңгерімде дұрыс көрініс таппай, 181 негізгі құрал аталған екі ғимараттың бастапқы құнына кірістелген.

(№13 қосымша. 2410 айналым-сальдо ведомствосы, 05.01.2016 жылғы қабылдау-беру актісі, 01.01.2016 жылғы бұйрық)

Аудит барысында Қоғамның бухгалтерлік есебінде «Негізгі құралдар» шотында 32 бірлік қорлар *(калькулятор, желілік сүзгі, клавиатура, тышқан)* кіргізілгендігі анықталды.

16-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағы және Есеп саясатының 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөлімінің талабы бұзылып, негізгі құралдар қатарына **73,5 мың теңгеге** қорлар есепке алынған.

(№14 қосымша. 2410 айналым-сальдо ведомосы)

Материалдық емес активтер

2021 жылы Қоғамның теңгерімінде қалдық құны 248 620,4 мың теңгені *(бастапқы құны 355 795,5 мың теңгені)* құрайтын материалдық емес құралдар тіркелген. Жыл ішінде материалдық емес құралдар 1 053,9 мың теңгеге түскен, 0 мың теңгеге есептен шығарылған. Есептелген амортизация сомасы 21 804,9 мың теңгені құрайды. Яғни, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша материалдық емес құралдардың қалдық құны 227 869,4 мың теңгені құрайды.

2022 жылы Қоғамның теңгерімінде қалдық құны 227 869,4 мың теңгені *(бастапқы құны 357 404,1 мың теңгені)* құрайтын материалдық емес құралдар тіркелген. Жыл ішінде материалдық емес құралдар 1 608,6 мың теңгеге түскен, 2 437,9 мың теңгеге *(толық амортизацияланған, яғни құны жоқ)* есептен шығарылған. Есептелген амортизация сомасы 21 841,9 мың теңгені құрайды. Яғни, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша материалдық емес құралдардың қалдық құны 207 636,1 мың теңгені құрайды.

Тауарлы материалдық құндылықтар

2021 жылы Қоғамның теңгеріміндегі жыл басындағы қалдық 3 256,7 мың теңгені құрайды. Жыл ішінде тауарлы материалдық құндылықтар 4 968,1 мың теңгеге түскен, 5 462,9 мың теңгеге шығысталған.

Яғни, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тауарлы материалдық құндылықтардың қалдық құны 2 761,9 мың теңгені құрайды.

2022 жылы Қоғамның теңгеріміндегі жыл басындағы қалдық 2 761,9 мың теңгені құрайды. Жыл ішінде тауарлы материалдық құндылықтар 12 774,0 мың теңгеге түскен, 13 670,9 мың теңгеге шығысталған.

Яғни, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тауарлы материалдық құндылықтардың қалдық құны 1 865,1 мың теңгені құрайды.

Аяқталмаған құрылыстар

2021-2022 жылдары Қоғамның теңгерімінде аяқталмаған құрылыстар есебінде 848 963,0 мың теңгеге жобалық-сметалық құжаттамалар, жерге орналастыру жобалары тіркелген. Оның ішінде:

- Вахталық қалашықтың жерге орналастыру жобасы – 454,9 мың теңге;
- Ароматика зауытының жерге орналастыру жобасы – 1 691,7 мың теңге;
- Газ сепаратор зауытының жерге орналастыру жобасы – 885,4 мың теңге;
- Буландырғыш тоған зауытының жерге орналастыру жобасы – 1 749,3 мың теңге;
- АМӨЗ технопаркінің жерге орналастыру жобасы – 1 387,4 мың теңге;
- Су құбырының жобалау-сметалық құжаттамасы – 200 732,0 мың теңге;
- Буландырғыш тоғанның жобалау-сметалық құжаттамасы – 463 415,0 мың теңге;
- Вахталық қалашығын салу үшін қоршаулардың жобалау-сметалық құжаттамасы – 373,1 мың теңге;
- Ароматика зауытын салуға арналған қоршаулардың жобалау-сметалық құжаттамасы – 2 463,6 мың теңге;
- Газ сепаратор зауытын салуға арналған қоршаулардың жобалау-сметалық құжаттамасы – 1 891,7 мың теңге;
- АМӨЗ технопаркін салуға арналған қоршаулардың жобалау-сметалық құжаттамасы – 3 271,5 мың теңге;
- Буландырғыш тоған зауытын салу үшін қоршаулардың жобалау-сметалық құжаттамасы – 3 872,8 мың теңге;
- «ҰИМТ» АЭА» құру ТЭН түзету – 166 775,0 мың теңге.

Жалпы сомасы 675 702,7 мың теңгені құрайтын жоғарыда көрсетілген 7 жобалау-сметалық құжаттамалар 2013-2015 жылдар аралығында әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындыларын алған. Алайда аталған жобалау-сметалық құжаттамалар бойынша көзделген жұмыстар жүзеге асырылмаған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 60-бабының 7-тармағының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде құрылысы басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген болып есептеледі.

17-тармақ. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 60-бабының 7-тармағы бұзылып,

Қоғам теңгеріміндегі құны **675 702,7 мың теңгені** құрайтын 7 жобалау-сметалық құжаттамалар ескіріп кеткен.

(№15 қосымша: 2931 айналым-сальдо ведомствосы)

Сонымен қатар, Қоғам теңгеріміндегі жерге орналастыру жобалары бойынша келесілер анықталды:

- Вахталық қалашықтың жерге орналастыру жобасы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 02 сәуірдегі №314 Қаулысы негізінде Атырау облысы бойынша жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі «Атырау ҒӨО» еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру жобасы жасалып, соның негізінде Қоғамға 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №576 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығын беретін акт арқылы берілген.

- Ароматика зауытының жерге орналастыру жобасы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 02 сәуірдегі №314 Қаулысы негізінде Атырау облысы бойынша жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі «Атырау ҒӨО» еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру жобасы жасалып, соның негізінде Қоғамға 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №577 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығын беретін акт арқылы берілген.

- Газ сепаратор зауытының жерге орналастыру жобасы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 02 сәуірдегі №314 Қаулысы негізінде Атырау облысы бойынша жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі «Атырау ҒӨО» еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру жобасы жасалып, соның негізінде Қоғамға 2009 жылғы 23 қыркүйектегі №4498 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығын беретін акт арқылы берілген.

- Буландырғыш тоған зауытының жерге орналастыру жобасы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 02 сәуірдегі №314 Қаулысы негізінде Атырау облысы бойынша жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі «Атырау ҒӨО» еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру жобасы жасалып, соның негізінде Қоғамға 2018 жылғы 24 сәуірдегі №2699 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығын беретін акт арқылы берілген.

- АМӨЗ технопаркiнiң жерге орналастыру жобасы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 02 сәуірдегі №314 Қаулысы негізінде Атырау облысы бойынша жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі «Атырау ҒӨО» еншілес мемлекеттік кәсіпорны жерге орналастыру жобасы жасалып, соның негізінде Қоғамға 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №573 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығын беретін акт арқылы берілген.

Есеп саясатының 12 «Материалдық емес активтерді есепке алу (*гудвиллдан басқа*)» бөліміне сәйкес, материалдық емес активтер қатарына жер учаскелерін жалға алу құқығы кірістіріледі.

Сонымен қатар, аталған бөлімге сәйкес, бөлек сатып алынған материалдық емес актив құнына:

1. Сауда жеңілдіктері мен жеңілдіктер, соның ішінде импорттық жеңілдіктер, шегерілгеннен кейін баждар және өтелмейтін сатып алу салықтар;

2. Активті мақсатына сай пайдалануға дайындауға арналған кез келген тікелей шығындар кірістіріледі.

Алайда, 2730 «Материалдық емес активтер» шотына 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №576 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы, 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №577 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы, 2009 жылғы 23 қыркүйектегі №4498 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы, 2018 жылғы 24 сәуірдегі №2699 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы, 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №573 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы көрініс таппаған.

Сәйкесінше, жоғарыда аталған уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқықтарының құнына осы активті алу үшін шығысталған тікелей шығындар 454,9 мың теңгеге вахталық қалашықтың жерге орналастыру жобасы, 1 691,7 мың теңге Ароматика зауытының жерге орналастыру жобасы, 885,4 мың теңгеге газ сепаратор зауытының жерге орналастыру жобасы, 1 749,3 мың теңге буландырғыш тоған зауытының жерге орналастыру жобасы, 1 387,4 мың теңгеге АМӨЗ технопаркінің жерге орналастыру жобасы кірістірілмеген.

18-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағы және Есеп саясатының 12 «Материалдық емес активтерді есепке алу (*гудвиллдан басқа*)» бөлімінің талабы бұзылып, Қоғам теңгеріміне материалдық емес активтер ретінде 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №576 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы, 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №577 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы, 2009 жылғы 23 қыркүйектегі №4498 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы, 2018 жылғы 24 сәуірдегі №2699 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы, 2009 жылғы 07 қыркүйектегі №573 уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығы кірістірілмеген. Сонымен қатар, өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығын алу үшін жұмсалған тікелей шығындар аяқталмаған құрылыстар шотында қалып, материалдық емес активтің құны **6 618,7 мың теңгеге** ұлғайтылмаған.

(№16 қосымша. уақытша (*ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді*) өтеулі жер пайдалану (*жалға алу*) құқығын беретін актілер, 2971,2730 айналым-сальдолық ведомостері)

Аудит барысында негізгі құралдардың, тауарлы материалдық құндылықтардың, материалдық емес активтердің, тауар Тауарлы материалдық құндылықтардың нақты мәндерінің бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкестігін тексеру мақсатында материалдық жауапты

тұлғалардың негізгі құралдарына тексеру жүргізілді.

Осыған орай, «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ның басқарма төрағасының м.а. 2023 жылғы 4 тамыздағы №68-ОД бұйрығымен 2023 жылғы 5 тамыздағы жағдай бойынша негізгі құралдарға, тауарлы материалдық құндылықтарға, материалдық емес активтерге түгендеу жүргізу комиссиясы келесідей құраммен құрылды:

Комиссия төрағасы:

- К.А. Козыкенов – Өндіріс жөніндегі басқарушы директор;

Комиссия мүшелері:

- Д.А. Нармаганбетова – бас есепші;

- М.Д. Шкиев – құқықтық жағынан қамтамасыз ету жәнестатып алу қызметінің аға менеджері;

- М.К. Маймаков – станция басшысы;

- А.Ш. Басаров – теміржол станцисының аға электр механик-энергетиігі;

- Ж.Р. Мусаев – экономика және қаржы қызметінің аға менеджері.

Жүргізілген түгендеу барысында «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ-ның теңгеріміне жалпы сомасы 446,2 мың теңгені құрайтын негізгі құралдардың алынбағандығы анықталды, оның ішінде: 15,1 мың теңгеге тығын тақтасы, 33,5 мың теңгеге телефон құрылғылары, 110,0 мың теңгеге диспансер, 22,5 мың теңгеге сағаттар, 178,0 мың теңгеге жалюзі, 97,1 мың теңгеге 800 литрлік тік сыйымдылық.

19-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағы, 3-тармағының 1) тармақшасы және Есеп саясатының 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөлімінің талабы сақталмай, Қоғамның теңгеріміне **446,2 мың теңгені** құрайтын негізгі құралдар есепке алынбаған.

(№17 қосымша: негізгі құралдарға, тауарлы материалдық құндылықтарға, материалдық емес активтерге жүргізілген түгендеу есебі)

Есеп саясатының 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөліміне сәйкес, негізгі құралдардың амортизациясы актив пайдалануға берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап есептеледі және есептен шығарылғанға дейін, егер актив белгілі бір уақыт ішінде пайдаланылмаса есептелуін жалғастырады.

Тиісінше, жоғарыда аталған артық негізгі құралдарға 108,9 мың теңгеге амортизация есептелмеген (2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша), оның ішінде:

- 2022 жылғы 7 шілдеде алынған тығын тақтасына – 1,6 мың теңге;

- 2018 жылғы 19 желтоқсанда алынған телефон құрылғыларына – 15,3 мың теңге;

- 2017 жылғы 28 желтоқсанда алынған диспансерге – 55,8 мың теңге;

- 2022 жылғы 29 шілдеде алынған сағат – 2,3 мың теңге;

- 2021 жылғы 22 желтоқсандағы алынған жалюзиге – 28,2 мың теңгеге;

- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы 800 литрлік тік сыйымдылық – 5,7 мың теңгеге.

20-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағы, 3-тармағының 1) тармақшасы және Есеп саясатының 11 «Негізгі құралдарды есепке алу» бөлімінің талабы сақталмай, 2023 жылдың 1 қаңтарына негізгі құралдар бойынша **108,9 мың теңгеге** амортизация есептелмеген.

(№18 қосымша: амортизация есептеу кестесі)

Қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қоғамның директорлар кеңесінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №01/2016 шешімімен бекітілген «Қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы» ережесіне *(бұдан әрі-Ереже)* сәйкес жүзеге асырлады.

Аудитпен қамтылған кезеңде жалпы сомасы 287 356,2 мың теңгеге жалақы есептелген және төленген, оның ішінде: 2021 жылға – 142 402,2 мың теңге, 2022 жылға – 144 954,0 мың теңге.

Аудит барысында Қоғамның 46 қызметкердің 2021-2022 жылдары есептелген және аударылған еңбекақылары тексерліп, нәтижесінде кемшіліктер анықталмады.

HR қызметінің басшысы – Амандос Охасович Касанов *(1957 жылы туылған, білімі – тау-кен инженері)*, HR қызметінің басшысы лауазымына Қоғам төрағасы Гавит Нурлубаевич Куркимовтың 2021 жылы 27 тамыздағы №18-л/с бұйрығы негізінде тағайындалған.

Біліктілік талаптарына *(Қоғам төрағасының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы №19-к бұйрығы)* сәйкес осы лауазымға орналасу үшін қойылатын талаптар:

- білімі – кәсіби жоғары;
- еңбек өтілімі – кәсіби саладағы жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі – біліктілік анықтамасы)* 152-тармағымен кадр бөлімінің бастығына қойылатын біліктілік талаптары ретінде: - кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары *(немесе жоғары оқу орнынан кейінгі)* білім және кадрларды басқаруды ұйымдастыру бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болу керек деп айқындалған.

Аудит барысында HR қызметінің басшысы Амандос Охасович Касановтың білімі тау-кен инженері *(диплом ЖВ №220297)*, сонымен қатар еңбек кітапшасының жоқ екендігі анықталды.

Аудитке ұсынылған құжаттар, ЖВ №220297 санды диплом және түйіндеме. Түйіндемеге сүйенсек бұрын өндіріс объектілерінде қызмет атқарған, тек 2018 жылдың мамыр айынан бастап 2020 жылдың қаңтар айына дейін нормативтік-құқықтық реттеу бөлімінің басшысы болып қызмет атқарған.

Алайда, түйіндеменің заңнамалық сипаттамасының жоқтығы және еңбек кітапшасының болмауына байланысты еңбек өтілін анықтау мүмкін емес.

Аудиторлар біліктілік анықтамасын басшылыққа ала отырып, HR қызметі басшысының кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша білімі, даярлау, қайта даярлау бойынша біліктіліктері болуы керек деген тұжырымға келеді.

21-тармақ (кемшілік). Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» бұйрығының 152-тармағын басшылыққа алынып, Амандос Охасович Касановтың білімі тау-кен инженері болуына байланысты, Қоғамның HR қызметінің басшысы лауазымына сәйкес келмеу тәуелділігі жоғары екендігін пайымдайды.

(№19 қосымша: лауазымдық нұсқаулық, диплом ЖВ №220297 түйіндеме)

2022 жылғы 9 қыркүйекте Қоғам төрағасы Гавит Нурлубаевич Куркимовпен жеке тұлға Кайрат Акымканович Козыкенов арасында №53/03-2022 жеке тұлғамен қызметтерді өтелмелі қызмет көрсету шартына 2 321,8 мың теңгеге отырған. Келісім шарттың 51 тармағына сәйкес қызметті көрсету уақыты 2022 жылғы 12 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейінгі аралық көзделген. Шарттың 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметтің көлемі келесідей:

- энергетикалық ресурстар мен инфрақұрылым иелерімен өзара іс-қимыл (*KUS, Магистральдық су құбыры, «Қазақгаз» және т.б.*), техникалық шарттарды алу, инфрақұрылымға қосылу шеңберінде АЭА қатысушыларымен өзара іс-қимыл;

- ТЭН-нің орындалуын бақылау, қажет болған жағдайда ТЭН-ге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар енгізу, ТЭН, ҚЭН әзірлеу;

- жалпы зауыттық инфрақұрылым объектілерінің құрылысын бақылау, сондай-ақ Қоғамның теңгеріміне өткеннен кейін ЖЗИ объектілерінің жұмысын бақылау;

- энергетикалық жабдықтардың, электр, газ, су және арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан жылу желілері және сондай-ақ Қоғамның балансындағы жабдықтардың жұмыс жасауын үздіксіз қамтамасыз ету;

- энергетика, су және газ шаруашылығы объектілерін пайдалану үшін қажетті жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді сатып алуға өтінімдер ресімдеу, энергетикалық ресурстарды үнемдеу бойынша шараларды қажетті негіздемелерді ұсына отырып орындау. Қоғам бөлімшелерінің электрмен, жылумен және қамтамасыз ету қажеттіліктеріне қажетті негіздемелермен есептеулер жүргізу және энергияның басқа түрлері, оларды тұтыну нормаларын әзірлеуге қатысу, жұмыс режимі қажеттіліктерге негізделген Қоғамның бөлімшелері қажеттілігін анықтау;

- пайдалану нұсқауларының сақталуын бақылау, жабдық пен инфрақұрылым нысандарына техникалық қызмет көрсету және қадағалау;

- энергетикалық жабдықтарға стандарттар мен техникалық шарттарды әзірлеуге және енгізуге қатысу;

- жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеу үшін мәліметтерді (*ЖСК*), Даму жоспарын (*бюджет*), құрылыс кестелерін қалыптастыруға қатысу;

- мердігерлік ұйымдармен инфрақұрылым объектілерін жөндеуге келісім-шарттар жасау үшін қажетті материалдарды дайындау;

- энергия, газ және су жабдықтарына күрделі және басқа жөндеу

жұмыстарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

- отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану және үнемдеу бойынша озық отандық және шетелдік тәжірибені зерттейді және қорытындылайды;
- электр станциялары мен желілерін пайдалану, жөндеу кезінде еңбекті қорғау ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- бекітілген нысандар мен көрсеткіштерге сәйкес есептерді дайындайды;
- қоғамның басқарма төрағасының басқада тапсырмаларын орындау.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 683-бабына сәйкес, өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге *(белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға)* міндеттенеді, ал тапсырыс беруші бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді деп белгіленген.

Жеке тұлға Қайрат Акимканович Козыкеновпен жасалған өтелмелі қызмет көрсету шартында атқарылуға тиісті қызметтердің басым бөлігі өндіріс жұмыстарын қадағалау, бақылау, Қоғамның балансындағы жабдықтардың жұмыс жасауын үздіксіз қамтамасыз ету, сол секілді басқа да жоғарыда көрсетілген қызметтер.

Ал, өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша қызметтер жүзеге асырылған уақыт аралығында Қоғам штатында өндіріс жұмыстарын қадағалайтын өндіріс бойынша басқарушы директор, сонымен қатар инвесторлармен жұмыс және активтерді басқару бойынша қызметі бар.

Қайрат Акимканович Козыкенов шартқа сәйкес жалпы сомасы 2 321,7 мың теңгеге келесі орындалған жұмыстар актілерін тапсырған, оның ішінде:

- 429,9 мың теңгеге 30.09.2022 жылғы №1 акт – 7-і іс-шара оның ішінде: 4-і жиналыстарға қатысу және кездесулер өткізу, 2-і тексеру, 1-і бақылау.

- 630,6 мың теңгеге 31.10.2022 жылғы №2 акт – 6-ы іс-шара оның ішінде: 2-і жиналыстарға қатысу және кездесулер өткізу, 1-і қысқы кезеңге дайындық бойынша іс-шаралар әзірлеу, 3-і бақылау.

- 630,6 мың теңгеге 30.11.2022 жылғы №3 акт - 5 іс-шара оның ішінде: 1-і сұраныс жіберу, 1-і жер учаскесін анықтау, 1-і ағымдағы жұмыстарды қабылдау, 1-і келіссөздер жүргізу және Қоғам төрағасының басқада тапсырмаларын орындау деп көрсетілген.

- 630,6 мың теңгеге 28.12.2022 жылғы №4 акт - 5 іс-шара оның ішінде: 2-і бақылау, 1-і жиналыс өткізу, 1-і келіссөздер жүргізу, 1-і ТЭН-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қоғам төрағасының басқада тапсырмаларын орындау деп көрсетілген.

Атап өтетін жайт, нақты көрсетілген 21 іс-шараның 6-ы бақылау немесе 28,6%, 9-ы жиналыстар, келіссөздер немесе 42,9% құрайды.

Нәтижесінде, аталған орындалған жұмыстар актілеріне сәйкес жеке тұлға Қайрат Акимканович Козыкеновке Қоғам тарапынан жалпы сомасы 1 840,5 мың теңгеге ұстаулармен келесі төлемдер жасалған, оның ішінде:

- 28.12.2022 жылғы №736 төлем тапсырмасы арқылы 500,0 мың теңге;
- 30.11.2022 жылғы №645 төлем тапсырмасы арқылы 500,0 мың теңге;
- 31.10.2022 жылғы №557 төлем тапсырмасы арқылы 500,0 мың теңге;
- 30.09.2022 жылғы №489 төлем тапсырмасы арқылы 340,5 мың теңге.

2022 жылғы 23 желтоқсанда 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №53/03-2022 шартына №1 қосымша келісім жасалып, қызмет көрсету мерзімі 2023 жылдың 28 ақпанына дейін ұзартылған.

Сонымен қоса, Кайрат Акимканович Козыкенов Қоғам төрағасының 2023 жылғы 23 наурыздағы №15 бұйрығы негізінде Қоғамның өндіріс бойынша басқарушы директоры болып тағайындалған.

22-тармақ (кемшілік). Қоғамның штаттық есебінде Кайрат Акимканович Козыкеновпен (09.09.2022 жылғы №53/03-2022 өтелмелі қызмет көрсету шарты) атқарылған қызметтерге ұқсас функцияларды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар бар. Яғни, нақты қандай да бір атқарылу керек қызмет түрі айқындалмаған.

(№20 қосымша. 09.09.2022 жылғы №53/03-2022 өтелмелі қызмет көрсету шарты, Қоғам төрағасының 23.03.2023 жылғы №15 бұйрығы)

2022 жылғы 15 қарашада Қоғам төрағасы Гавит Нурлубаевич Куркимовпен жеке тұлға Руслан Нариманович Мухамедов арасында №55/11-2022 жеке тұлғамен қымметтерді өтелмелі қызмет көрсету шартына 2 498,0 мың теңгеге отырған. Келісім шарттың 51 тармағына сәйкес қызметті көрсету уақыты 2022 жылғы 15 қарашадан бастап 2023 жылдың 31 наурызына дейінгі аралық көзделген. Шарттың 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметтің көлемі келесідей:

1- кезең Қазақстан Республикасының заңнамасына түзетулер әзірлеу:

- мемлекеттік меншіктегі және уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға алуға) берілген АЭА жер учаскелерінде бюджет қаражаты есебінен толық немесе ішінара құрылған инфрақұрылым объектілерін арнайы экономикалық аймақ компаниясының басқарушы компаниясын сенімгерлік басқаруға беру.

- Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасының қолданысынан БК-нің көрсетілетін қызметтерге тарифтерді дербес белгілеуге рұқсат беретін заңнамалық алып қоюы.

- бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы және квазимемлекеттік сектор субъектілерін сатып алу туралы заңнама шеңберінде БК қызметтерін сатып алу.

- АЭА қатысушыларынан ҚК сыйақы алу тетігін енгізу (мүшелік жарналар).

- АЭА аумағында көмекші қызмет түрлерін жүзеге асыруға адамдарды жіберу процесін ретке келтіру.

- АЭА аумағындағы жобаларды мемлекеттік сараптамамен немесе осы мақсаттар үшін арнайы құрылған сараптама комиссиясымен жеделдетіп қарау және бекіту, АЭА аумағындағы күрделі жобалар үшін халықаралық стандарттарды мақұлдау.

2- кезең Тапсырыс берушіге ҚР Үкіметінің заң жобалау қызметі және/немесе депутаттық бастамасы шеңберінде мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен түзетулер пакетін келісу тәртібі мәселелері бойынша консультация беру (келісу процесіне тікелей қатысусыз). Қажет болған жағдайда-мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың ескертулері бойынша түзетулер пакетісін қайта өңдеу.

Екі кезең бойынша қызметті көрсетудің нәтижесі:

1 кезең – тапсырыс берушімен орыс/қазақ тілдерінде жасалған Қазақстан Республикасының заңнамасына түзетулер енгізу бойынша салыстыру кестесін келісу 15.11.2022 жылдан бастап 31.12.2022 жылға дейін орындалуы қажет;

2 кезең – Әзірленген түзетулер пакетін жылжыту бойынша

іс-шаралар жоспары, ұсынылған консультациялардың егжей-тегжейімен жасалған жұмыс туралы есеп 01.01.2023 жылдан бастап 31.03.2023 жылға дейін орындалуы қажет.

Руслан Нариманович Мухамедовпен 2022 жылғы 23 желтоқсанда жалпы сомасы 1 249,0 мың теңгені құрайтын атқарылған жұмыстар актісімен 1-кезеңді орындау бойынша 20 беттен тұратын жасалған жұмыстар есебі салыстыру кестесімен қоса ұсынылған.

Нәтижесінде, аталған орындалған жұмыстар актісіне сәйкес жеке тұлға Руслан Нариманович Мухамедовке Қоғам тарапынан 01.04.2023 жылғы №1 төлем тапсырмасы арқылы ұстаулармен 1 000,9 мың теңгеге төлем жасалған.

Аудит барысында 2-ші кезеңнің іске асырылмағандығы анықталды.

Сонымен қатар, Қоғамның штатында Құқықтық жағынан қамтамасыз ету және сатып алу қызметінде аға менеджердің бірлігі тіркелген. Осы лауазымға 2019 жылғы 18 шілдедегі №46-л/с бұйрығымен Ә.А. Карабалина тағайындалып аудитпен қамтылған кезеңде қызмет атқарған.

Басқарма төрағасының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы №19-к бұйрығының 11-қосымшасымен бекітілген Қоғамның құқықтық қамтамасыз ету және сатып алу департаментінің құқықтық сұрақтар және сатып алу аға менеджерінің лауазымдық міндеттемелерінде:

... - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұза отырып шығарылған құқықтық актілерді өзгерту немесе жою жөнінде шаралар қабылдау;

- қоғамның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын талдау, қоғамның құқықтық жағдайын немесе мүдделерін жүзеге асыру;

- мемлекеттік мекемелерде және басқа ұйымдарда департамент директорының тапсырмалары бойынша департаментке қатысты мәселелер бойынша қоғамның мүдделерін білдіру;

- қызметтік хаттар мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды дайындау...көзделген.

Яғни, Қоғам өзінің штаттық кестесінде бар лауазымды тұлғалардың лауазымдық міндеттемелерінде бар қызмет түрлерін үшінші тұлғалардан ақылы түрде сатып алған. Оған қоса, түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмей, шарттың 2-ші кезеңі жүзеге асырылмай, нәтижесінде шарт мерзімінің өтіп кетуіне алып келген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына түзетулер әзірлеу бұл басқарушы компанияның жеке бастамасы болып табылады.

23-тармақ. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 683-бабы, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415 «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 53-бабының 2-тармағының 1-тармақшасы бұзылып, 2022 жылғы 15 қарашада Р.Н. Мухамедовпен жасалған №55/11-2022 жеке тұлғамен қызметтерді өтелмелі

қызмет көрсету шарты бойынша түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеген. Сонымен қатар, Даму жоспарын бекіту барысында, Қоғам өзінің штаттық кестесінде бар лауазымды тұлғалардың лауазымдық міндеттемелерінде қарастырылған қызмет түрлерін үшінші тұлғалардан ақылы түрде сатып алу туралы шешімі **1 000,9 мың теңгенің** тиімсіз жұмсалуына алып келген.

(№21 қосымша. 15.11.2022 жылғы №55/11-2022 өтелмелі қызмет көрсету шарты)

2021-2022 жылдары Қоғам төрағасының 2019 жылғы 27 мамырдағы №10-к бұйрығымен басқарушы директоры - Д.К.Ахметовке және Өндіріс жөніндегі басқарушы директоры – А.Д.Қалабаевқа, сонымен қатар, 2019 жылғы 1 тамыздағы №16-к бұйрығымен қатысушылармен өзара әрекет ету және мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі департаментінің директоры -А.К.Тойбаевқа Ереженің 2.3 бөлімінің 20 тармағына сәйкес Атырау қаласындағы жылжымайтын мүлікке (*тұрғын үй-жайға*) меншік құқығы болмауына байланысты 123,5 мың теңге көлемінде қосымша ақы тағайындалған.

Осыған орай, Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкес аталған лауазымды тұлғалармен 2019 жылғы жағдай бойынша Атырау қаласында және Атырау облысында оның және оның отбасы мүшелерінің меншік құқығында жылжымайтын мүліктің (*тұрғын үй-жайдың*) жоқтығы туралы уәкілетті органның анықтамасы, тұрғын үйді жалдау шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылған.

Ережеде жылжымайтын мүлікке (*тұрғын үй-жайға*) меншік құқығы болмауына байланысты берілетін қосымша ақының құны даму жоспарында (*бюджетте*) көзделген қаражат есебінен төленеді деп көрсетілген, алайда нақты жалдау құнының есептелу әдісі қарастырылмаған. Яғни, қосымша ақы құнының қандай есептер негізінде орнатылғаны туралы есептер жоқ.

Сонымен қатар, Ережеде лауазымды тұлғалардың және оның отбасы мүшелерінің меншік құқығында жылжымайтын мүліктің (*тұрғын үй-жайдың*) жоқтығы туралы жыл сайынғы растау бойынша талаптар қарастырылмаған.

Мәселен, жоғарыда аталған лауазымды тұлғалар анықтаманы 2019 жылы ұсынған, содан кейінгі жылдары Қоғам лауазымды тұлғалардың және оның отбасы мүшелерінің меншік құқығында жылжымайтын мүліктің (*тұрғын үй-жайдың*) жоқтығы туралы ақпаратпен иелік етпейді (*бейхабар*).

Аудит барысында 2021-2022 жылдарға анықтама, қосымша ақы құнын есептеу бойынша есеп-қисаптар ұсынылған жоқ.

24-тармақ (кемшілік). 2016 жылғы 11 қаңтардағы №01/2016 «Қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы» ережесінде лауазымды тұлғалардың және оның отбасы мүшелерінің Атырау қаласында және Атырау облысында меншік құқығында жылжымайтын мүліктің (*тұрғын үй-жайдың*) жоқтығын жыл сайынғы растау бойынша талаптар, қосымша ақы құнын есептеу әдісі қарастырылмаған. Бұл өз кезегінде жұмсалып отырған шығындардың тәуекелділігін

көрсетеді.

(№22 қосымша. 11.01.2016 жылғы №01/2016 «Қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы» ережесі)

Аудиторлық бағдарламаның «Бухгелтерлік есеп және қаржылық есептілік» сұрағы тексеріліп бұзушылықтар анықталды.

3) Аудит бағдарламасы сұрағының нөмірі мен атауы:

3. Мемлекеттік сатып алу аудиті.

Аудит бағдарламасының сұрағына жауап.

Аудит объектісінде мемлекеттік сатып алу жалпы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы (*бұдан әрі-Мемлекеттік сатып алу туралы заңы*) мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырылған.

Мемлекеттік сатып алулар бойынша 2021-2022 жылдарына арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарлары аудит объектісі басшысымен бекітіліп, www.goszakup.gov.kz веб-порталында орналастырылған.

Қоғаммен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспары: 2021 жылға – 20.12.2020 жылы (*35 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген*), 2022 жылға – 27.12.2021 жылы (*33 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген*) бекітілген.

2021 жылы 110 509,9 мың теңгеге 126 мемлекеттік сатып алу рәсімі жүзеге асырылған. Оның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жалпы сомасы 18 577,3 мың теңгеге 46 рәсім;

- бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 10 117,3 мың теңгеге 45 рәсім;

- конкурс тәсілімен жалпы сомасы 64 440,9 мың теңгеге 8 рәсім;

- алдын ала біліктілікті іріктеу арқылы өткізілетін конкурс тәсілімен жалпы сомасы 520,8 мың теңгеге 1 рәсім;

- өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен жалпы сомасы 16 853,6 мың теңгеге 26 рәсім.

2022 жылы 135 471,7 мың теңгеге 118 мемлекеттік сатып алу рәсімі жүзеге асырылған. Оның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жалпы сомасы 57 423,4 мың теңгеге 73 рәсім;

- бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 12 713,7 мың теңгеге 9 рәсім;

- конкурс тәсілімен жалпы сомасы 28 827,8 мың теңгеге 78 рәсім;

- өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен жалпы сомасы 36 506,8 мың теңгеге 29 рәсім.

2022 жылғы 14 қазанындағы №106-ОД Қоғамының Басқарма Төрағасы Г.Куркимовтың бұйрығымен 2022 жылға арналған тауарлар, жұмыстар және қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер енгізіліп, аталған өзгерістер және (*немесе*) толықтырулар мемлекеттік сатып алу веб-порталында 2022 жылдың 27 қазанында орналастырған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы

№434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабының 7 тармақшасына сәйкес *«Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарына) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, таралуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастыруға міндетті»* деген.

25-тармақ. Алайда, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 7-тармағының талаптары сақталмай, Қоғаммен 2022 жылға арналған тауарлар, жұмыстар және қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспарына 2022 жылғы 14 қазанындағы №106-ОД бұйрықпен енгізілген өзгерістер мемлекеттік сатып алу веб-порталында бес күні жұмыс күнінен кешіктіріліп 2022 жылдың 27 қазанында орналастырған.

(№23 қосымша. Мемлекеттік сатып алу веб-порталынан <https://goszakup.gov.kz> жасалған скриншот)

Қоғаммен 2021 жылғы 21 қазанда №6398444-1 (46251460-ЗЦП1) «Жалюзи/перделерді дайындау бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алу» хабарландыру жарияланған.

Аталған хабарлама 2021 жылғы 29 қазанда №46251460-ЗЦП1 лот бойынша мемлекеттік сатып алу бір баға ұсынысының ұсынылуы байланысты өтпеді деп танылған.

Нәтижесінде автоматты түрде №6425054-1 өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу хабарламасы жарияланған және 2021 жылғы 11 қарашада жеке кәсіпкер «Сисеналина Г.М» 178,0 мың теңгеге №080640008764/210119/00 шарт жасалған.

Хабарламаның техникалық ерекшелігінде қойылған сипаттамалар ішінде: кронштейннің шыққан елі – Польша, матаның шыққан елі – Қытай деп көрсетілген.

Алайда, конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер санының шектелуіне алып келетін, оның ішінде тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға талаптарын белгілеуге тыйым салынатындығы Мемлекеттік сатып алу туралы заңы 21-бабының 3-тармағының 2) тармақшасымен айқындалған.

26-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 21-бабының 3-тармағының 2) тармақшасының талаптары сақталмай, Қоғаммен 2021 жылғы 29 қазанда №46251460-ЗЦП1 лот бойынша әлеуетті өнім берушілер санының шектелуіне алып келетін негізсіз сипаттамалар

қойылған.

(№24 қосымша. 46251460-3ЦПІ лот бойынша техникалық ерекшелік)

2021 жылғы 16 наурызда Қоғам мен «Атырау-Витязь» ЖШС-мен арасында күзет қызметіне жалпы сомасы 4 468,0 мың теңгені құрайтын №080640008764/210050/00 шарты жасалған.

Қоғам Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 43-бабының 18-тармағын басшылыққа ала отырып, 2021 жылғы 30 желтоқсанда үздіксіз қызметті қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік сатып алу қорытындысы шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге №080640008764/210050/00 шарттың қолданыс мерзімін *(қаңтар-ақпан айларына)* №080640008764/210050/01 қосымша шарт жасау арқылы ұзартқан, нәтижесінде шарт сомасы 5 577,6 мың теңгеге ұлғайған.

Кейін Қоғаммен Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 39-бабының 3-тармағының 50) тармақшасы негізінде бір көзден алу тәсілімен 2022 жылғы 18 мамырда «Атырау-Витязь» ЖШС-мен мамыр-маусым айларына күзет қызметіне *(Атырау қаласы, Әбілқайыр хан, 38 және Атырау-Доссор жолының бойында, Қарабатан ауданы, Атырау облысы)* жалпы сомасы 8 579,2 мың теңгеге №080640008764/220057/00 шарты жасақталады.

Алайда, Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 39-бабының 3-тармағының 50) тармақшасы өнім беруші өткен жылы жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысын ұзартудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылған *(қайта ұйымдастырылған)* жағдайда, бірақ екі айдан асырылмай қолданылады.

27-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабының 3-тармағының 50) тармақшасы бұзылып, Қоғам 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №080640008764/210050/00 мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысын 2022 жылдың қаңтар-ақпан айларына ұзартқанына қарамастан, 2022 жылдың мамыр-маусым айларына күзет қызметін алуға жалпы сомасы **8 579,2 мың теңгеге** 2022 жылғы 18 мамырдағы №080640008764/220057/00 шарт жасаған. Сонымен қатар, жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылуы керектігіне қарамастан, шарт мамыр-маусым айларына жасақталған.

(№25 қосымша. 30.12.2022 жылғы №080640008764/210050/00 және 18.05.2022 жылғы №080640008764/220057/00 шарттар)

Қоғаммен Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 39-бабының 3-тармағының 2) тармақшасы негізінде 2022 жылғы 6 желтоқсанда «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен табиғи газ алуға жалпы сомасы 433,9 мың теңгені құрайтын №080640008764/220054/00 шарты жасалған.

Алайда, 2022 жылдың 4 наурызынан бастап Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 39-бабының 3-тармағының 2) тармақшасы Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 қаңтардағы №101-VII «Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен алып тасталған.

28-тармақ. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 қаңтардағы №101-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 22-тармағының 3) тармақшасы негізінде Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 39-бабының 3-тармағына енгізілген өзгерістер сақталмай, Қоғаммен 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №080640008764/220054/00 шарт №434-V Заңның 39-бабының 3-тармағының 2) тармақшасы негізінде жасалған.

(№26 қосымша. 06.12.2022 жылғы №080640008764/220054/00 шарт)

Қоғаммен Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 39-бабының 3-тармағының 45) тармақшасы негізінде бір көзден алу тәсілімен 2022 жылғы 02 ақпанда «Диамер» ЖШС-мен персоналды оқытуға *(еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт-техникалық минимум, өнеркәсіптік қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету және басқалар)* жалпы сомасы 340,0 мың теңгені құрайтын №080640008764/220007/00 шарт жасалған.

Бірақ, Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 41-бабының 1-тармағында Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады делінген.

29-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4-желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41-бабының 1-тармағы бұзылып, Қоғаммен 2022 жылғы 02 ақпанда №080640008764/220007/00 шарт негізінде сатып алынған персоналды оқыту мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін қолдану үшін айрықша болып табылмайды.

(№27 қосымша. 02.02.2022 жылғы №080640008764/220007/00 шарт)

Сонымен қатар, Қоғаммен Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өз міндеттемелерін орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін әлеуетті өнім берушілерді/өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы сотқа 2 талап арыз берілген, оның ішінде:

- ЖК Айдарбаева Алтын Есеновна 29 маусым 2022 жылғы №66/2022 шарты бойынша – Атырау облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылдың 21 қарашасындағы №2301-22-00-2/1730 шешіміне сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арыз толықтай қанағаттандырылған;

- ЖК «BaiDel» 29 қараша 2022 жылғы №109/2022 шарты бойынша –

Атырау облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылдың 5 сәуіріндегі №2301-23-00-2/134 шешіміне сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және сомасы 85 658 теңге құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арыз толықтай қанағаттандырылған.

Аудиторлық бағдарламаның «Мемлекеттік сатып алу аудиті» сұрағы тексеріліп бұзушылықтар анықталды.

10. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит барысында қолданылған шаралар: жоқ.

Мемлекеттік аудитор (-лар):

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Ішкі мемлекеттік аудит комитеті

Сәйкестік аудиті басқармасының

бас сарапшы-мемлекеттік аудиторы

топ жетекшісі

Ғ.А.Мұратов

бас сарапшы-мемлекеттік аудиторы

Д.Е.Яхиева

Тартылған сарапшылар (тартылған жағдайда): тартылған жоқ.

Таныстым

(Мемлекеттік аудит объектісінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы, тұлғаның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), танысқан күні)